

П И О Н Е Р



ОКТАБРЬ

1949 ЖЫЛ

№ 10

АЛМАТЫ



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
айына бір рет шығатын балалар журналы
Шығуына 11-жыл.

№ 10

ОКТЯБРЬ

1949 ЖЫЛ



Алматы қаласы, 54-қыз-балалар орта мектебінің жанындағы бастауыш комсомол ұйымының секретары, БЛКЖО XI съезінің делегаты Л. Тимофеева пионерлермен әңгімелесіп тұр.

Суретті түсірген
П. Редько

ЕСКЕРТКІШ



(Баллада. С. Маршактың ізімен)

Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ

I.

Арындап, баса-көктеп бейбіт елді,
Солтүстік Кавказға да соғыс келді,
Өзеннің жағасында тұрған көптен
Көсемнің ескерткішін дұшпан көрді.



— Әкетіндер! Берлинде қола кеміс!
Деп бұйырды генерал, кәрі неміс.
Ескерткіш тұрды орнында мызғымастан,
Күн батты, кірді ұйқыға қала тегіс.

Автомат, гранатын бірдей асып,
Жендеттер кірісті іске жайталасып,
Салып ап ескерткішті машинаға,
Халықтан ұрлап түнде кетті қашып.

II.

Сол түнде тау бөктерін буды боран,
Адасты ұшқан құс пен жүгірген аң.
Тек қана шатқал, шыңнан жауды торып,
Боранға ырық бермей жүр партизан.

Жолдың бір иінінде партизандар,
Шеп құрып жатты жасап берік қамал,
Кенеттен пулеметтер сөйлеп кетті,
Зор айқас басталды деп, беріп хабар!



Дүбірге тау жаңғырып үн қосқандай,
Сол жерден бар тау халқы жол тосқандай,
Екі жақ Ленин үшін арпалысты,
Даланы оқ пен оттан сел басқандай.

Ленин тұр ұлдарына қайрат беріп,
Ерлігін ұрпағының көзбен көріп,
Қап тауы — Сталиннің туған жері,
Бас иіп данышпанға қалды төніп.

III.

Таң атты, тарады бұлт тұрған төніп,
Ескі орнын ескерткіштің көрмек болып
Келді өзенге көп бала. Тұрды Ленин
Жол сілтеп жүргендерге елді қорып.



Таңданды да, қуанды, олар кетті.
Әр үйге жана хабар барып жетті.
Ленинді көреміз деп жас пен кәрі,
Лек-лек боп өзенге қойды бетті.

Тұрды көсем қарсы алып қала халқын,
Елінің мақтан етіп ерлік салғын,
Дегендей ол: «женеміз, танытамыз
Дүниеге Советтік Отан даңқын!»



Ауыл мұғалімі

(Новель, жалғасы, басы өткен сандарда).

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

М. ИМАНЖАНОВ

СӘТСІЗДІК ПЕ БҰЛ?

Мектеп маңы қаптаған адам. Біреу кіріп, біреу шығып қайнап жатыр. Балалармен аралас үлкендер де жүр. «Жақсы болды. Сабақ әлі басталмапты. Тұяқпен сауданы көзір-ақ бітіремін» деген оймен Серік асыға басып ішке кірді.

Шын думан мектептің ішінде екен. Балалар сұдай сапырылысады. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған жеті жасар бөбектер әлде педен жүрексінгендей, аяқтарын еңнен басып, ертіп келген әкесіне, я әжесіне тырала ұйлығын, дауыстарын да ақырып шығарып, жасқана сөйлеседі. Ал, ересек балалар залды бастарына көтере даурыға сөйлеп, аяқтарын нық басады... Бұл дүрмектің ішінен Серік іздеген досын көре алмады. «Бұл қайда болды екен» деп қайтадан есік жаққа көз салып еді, бұрынғыта ешкімге қосылмай, оқшау тұрған, мұғаліма Банудың інісі—Бектай деген баланы көрді.

— Сен Тұяқты көрдің бе? — деді ол. Бектайдың қабына келіп.

— Көрдім.

— Ол қайда?

— Көргем жоқ.

— Кімді тәлкек қыласың! — деп Серік басып бір жағына қыйсайта, көзінің аласымен қарап шұқшылып еді, Бектай:

— Ойбай, ол маған да керек болып тұр, — деп безектеп қоя берді.

— Саған неменеге керек?

— Бір үлкен жұмыс болып қалды.

— Ол қандай жұмыс?

— Қандай жұмыс екенін өзім білемін — деп Бектай тағы да қутыңдай қалды.

— Ал мен неге білмеймін? — деп Серіктің көзі едірейіп кетті.

— Ақырып, абайла, құлағыңды бері әкел, — деді Бектай сыбырлай сөйлеп.

Серік құлағын тосты.

— Әдебиеттен жаңа мұғалім келгенін білемісің?

— Білемін.

— Өзің көрдің бе?

«Көргенді айтасын, біз Тұяқ екеуміз оның кім екенін білмей, тонырақ шаптып келекеде еткеніміз» деп қала жаздады да:

— Көргемін — дей салды.

— Қашан көрдің?

— Онда қашан жұмысың бар.

— Ол мұғалім ғана емес, оқу жұмысын басқаратынын естінгенің?

— Бұдан былай бізге байқау керек болады. Ол тым қатал көрінеді...

— Не қылады ол бізге?

— Не қылып, ештеңе қылмайды... Біз оған өзіміздің тәртіпті екенімізді көрсетуіміз керек. Ұқтың ба? А, мұндайда сотқар да болса, Тұяқ ақыл тапқыш, еді... Көрмейсің бе қырсығып келмеуін?

— Ту, солма манадан бергі айтпағың — деп Серік қолын бір сәлтеп, жүріп кетті.

— Бұл ондайға түсінбейді. Әттең Тұяқ келсе, — деді Бектай тықыршып.

Қоңырау соғылды. Шу лезде сирен, тыныштық тұрды. Мұғалімдер оқу бөлмесінен шығып класқа тарады. Б «А» класының есігінен басып шығарып жалт-жалт қарап тұрған Бектай бөлмеден шыққан Жақын пен Күдеріні көріп:

— Тсс! келе жатыр! — деп хабарлады класқа.

— Келсе не қыл дейсің? — деді Серік оған байланысып.

— Менің командамды тыңдаңдар! демедім бе сендерге.

— Сен бе командир? — деп балалар ду күлісті.

— Шуламаңдар, келіп қалды!

— Осы неге аққұла терлеп жүр.

* Қысқартылған түрі.

— Кезекшімін дейді ғой.

Класқа мұғалім мен директор кірді.

— Орындарыңнан тұрыңдар, — деп команда берді Бектай.

Балалардың көпшілігі ол айтпай-ақ орындарынан тұрып та үлгірген еді.

— Сәлематсыздар ма, балалар!... Отырыңдар:

Оқушылар орындарына отырды. Тек Бектай ғана тақта қасында, командир алдындағы солдатша «кі қолын төмен салбыратып жіберіп, кеудесін ілгері оздырып, үнсіз мелшип тұр. Директор жаңа мұғалімді таныстырып болды да, кластан шығып кетті.

— Сен неге отырмайсың? — деді Жақын тасасында тұрған Бектайды аңғарып.

— Мен кезекші едім. Рапорт беруге рұқсат етіңіз, — деп Бектай сасқалақтап сөйлей бастады.

— Класта 24 оқушы сабаққа қатысуға тиісті болса, соның 22сі келіп отыр. Тұяқ Байсалов пен Әйтемі Жанаров жоқ.

Жақын оған «отыр» деп ишарат білдірді де:

— Барлық мұғалімдерге осылай рапорт бересіңдер ме? — деп сұрады.

— Рапорт физкультура сабағының оқытушысына ғана беріледі, — деді балалар жаңырлап.

— Тыныштық сақтаңдар. Мен кезекпен сұран тұрмын.

Орнына жаңа ғана отырып үлгірген Бектай ұшып тұрып:

— Біз басқа класқа үлгі көрсеткіміз келеді, — деді.

— Ол жақсы ниет... Ал рапорт жөнінде мынаған келіселік — бұдан былай келмегендеріңді кезекші рапортсыз-ақ айтатын болсын.

— Рапорт беруді қайдан шығарып жүр осы! — деп сыбырлады колхоз председателінің баласы Жарқын қасындағы балаға Бектайдың қылығын жақтырмай.

— Ойлап тапқаны ғой өзінің.

— Бар болсын тапқаны, әбден бұлдірді.

Класта күбір басталды. Бәрі де Бектайға ала көздерімен қарайды. Бұл жайды Бектай жақсы сезіп, жаңжағына жалтақтап, тағат таба алмайды, өз-өзінен қысылып барады. Бірде көз қыйығы Серікке түсіп еді, ол бұған «сеніме» дегендей көзін алартып, жұдырығын түйді.

Жақын бұл жолы «тыныштық сақтаңдар» демеі балалардың күбірді қоюын үнсіз тұрып күтті. Оның класс ішін қайта-қайта сүзіп әрлі-берлі қыдырып тұрған ойлы көзі әр оқушының көзімен кездесіп, дәл сарған қарап тұрмын дегенді іштей сезіріп жатты. Соңдықтанда мұғалім көзімен бір сәтте үнсіз тілдескен әр көз үнсіз ұғып, тына қалғанда бүкіл класта еу сепкендей тыныштықта туған еді.

— Сөйлеп болдыңыздар ма? Ендеше маған сабақ бастауға рұқсат етіңіздер — дегенді Жақын дәл сонда ғана барып айтты.

Көзбен тілдескен оқушылар оның «сіз» дегенін естігенде «жаңылың» айтып тұр ма дегендей, бәрі де

тандана қарап қалды. Біреулері «сіздің» артында зіл жатыр деп ұқты. Екінші біреулері мұнда бір мән болу керек, деп шамалады. Үшіншілеріне бізді ересекке санағаны болар деген ой келді. Осындай ой әр оқушының басына кел, әлгіден де бөтер өздерін жыйнақы ұстап, өзі сөйлесе екен, естісек екен лебізін деген, таңсықтық пайда болды.

Осындай іштей құлшынған тыныштық үстінде есік сықыр етті. Басқа дүниені ұмытып мұғалімнің аузын баққан сан көңіл дәл сол секунд күйінен жаңылып кетті де, бар назар есікке ауды.

— Кіруге бола ма, ағай? — деді бір бала есіктен басын қылтыйтып.

— Жоқ, болмайды, — деді де Жақын әрі барып есікті жауып алды.

Балалар үн-түнсіз, біріне бірі жымыя көз тастап, әрқайсысы іштей, көңілдің әлгі ырғағын қарастырды.

— Бүгін тапысамыз, әңгімелесеміз, — деді мұғалім есік жақтан қайта оралып. Содан соң тізім бойынша біртіндеп атап, шәкірттермен таныса бастады.

Есік жақтан тағы да болымсыз тысыр естілді. Класс көңілі тағы сол жаққа ауды. Сықырсыз ақырын апылған есікке жабыса көзін құбылта отырып, бір ұйықтап Тұяқ кіріп келеді екен.

— Сен қайда барасың? — деді мұғалім де оны аңғара қойып.

Тұяқ жауап қатпастан зып етіп, ішке кірді де, салып ұрып артқы нартадағы Серіктің жанынан бір-ақ шықты.

Жақын баланың ыңғайын жақсы таныды. Бірдене десе-ақ, от шыққалы тұрғанын да сезді. Бірақ, тентектің мына қылығын ескерусіз қалдырып, аңғармағанға салыну мүмкін емес еді. Мұндай бейбастаққа келген күннен жол берсе—класта саналы тәртіп орната алмайтыны былай тұрсын, балалар оның басына секірмей ме?! Осындай күдікті ой келген ол, нар тәуекелге салынып, қайткенде де, өз дегеніп болдыруға бекінді.

— Сен бері кел! — деді ол Тұяққа көзінен от шапшып тесірейін.



Бала бедірейіп жауап қатпады. Жақыптың енбойын ашу қысып, құлағына дейін қызарып, көзі жасаурап қоя берді. Оның әрбір қыймылын, бет өзгерісін мұлт жібермей үнсіз бағып отырған балалар бұл қанша бұлығын сыртқа шығып келе жатқан жойқып күшті аңғарғандай болып, біріне-бірі бұрылуға да батпай, үлкен бір жағдайсыз іс күтіп, іштерінен тынды. Мұғалім ыңғайын жақсы ұққан Тұяқ та тіресіп отыра алмай, аяғын жайлап басып алға шықты.

— Шық дереу! — деп Жақып есікті нұсқады оған.

Тұяқ есікке жете берді де, кілт тоқтады. Бұл не істер екен дегендей бар назарларын сала қараған оқушылар қыбыр етпей қатып қалды. Жап-жаңа мүлкімісін отырған Тұяқ қауырт бұрылып, сол қолымен есікті ашып жіберді де, сақ-сақ күліп шыға жөнелді.

Манадан бері қыл үстінде, дыбырсыз сарыла бақлап отырған оқушылар да оқыс қозғалып, мырс етіп күліп жіберді. Жақып күлкіні тоқтатып әңгімеге қайта кірісті. Ол жүзіне жыйналған ашудың қара түшегіп қуып, жайлы жаздай жылы шырай орнатуға тырысып, күлімсіреп сөйледі...

— Міне, бұл нағыз қатал мұғалім, — деді Бектай үзіліске шыққаннан соң тамсанып.

— Қатал түгі де жоқ, кәдімгі өзіміз көріп жүрген мұғалім. Бәрі біздің өзімізден, — деді Жарқын оған қарсы шығып.

Ештеңе көрмегендей, жап-жаңа келіп тұрған болып класқа арсалаңдап Тұяқ кірді. Одан кейін аяғын ешпен басып қорғана Әйтеп келді.

— Бәрің бүлдірген осылар.

— Кім? — деді Тұяқ, басын кекштіп.

— Сенсің! — деді Жарқын оған тайсалмай.

— Мен не қылдым бүлдіріп?

— Тәртіп бұздың, кластың абройын түсірдің.

Тұяқ оның сөзіне қайтып құлақ қоймастан Серікке бұрылды.

— Сен неге үндемейсің?

— Мен не деймін?

— Әлде бассауғалап отырмысың?

— Бассауғаламасаң, досыңа еріп, сен де шығып кетер едің ғой жаңа.

— Ол менің есіме келмейті.

— Ой өгірікші!

— Ой, балтай-шалтайды қой. Одан пайда аз. Мен саған ақша әкелдім. Көгершінің біреуін беремісің, жоқ па, онанда соны айтшы, — деді Серік бұлтарысыз тіке тартып.

— Бермеймін. Сен маған дос емессің.

— Сеніңше, достық біріңи алып бейбастақтық жасау болғаны ма? — деді Жарқын сөзге араласып.

— Ал, сеніңше, досыңды қысылшаң жерде жалғыз қалдырып кете беру керек болады екен ғой.

— Онда әңгіме басқа. Дәл бұл арада ешқандай серік іздер жөнің жоқ. Өйткені ісің теріс. Мен Серік болсам, саған осыны айтар едім.

— Мен ешкімнің сөзін үйренбеймін, — деді Серік мұрнын шүйіріп.

— Сен екеуіңде достық дегеннің не екенін білмейсіңдер.

— Білмейтін біз бе? — деді ана екеуі қосарланып.

— Білмейсіңдер.

— Өзің білмейсің.

— Балалар, достық деген не, айтыңдаршы мына екеуіңе? — деп Жарқын сөз салмағын көп ортасына салды.

— Достық, меніңше адамдықта, алдамауда, — деді Күміс.

— Дос болу үшін адам бір-біріне серік болу керек. Бірінің кемшілігін бірі бетіне басып отыру керек. — деді сабаққа кешіккеніне өкініп, манадан бері ұялынақтап тұрған Әйтеп.

— Өзара сынсыз достық жоқ, — деді дайын жаттама сөзге, құмар Бектай.

— Жолдастың мінін жасырып, оның сөкет ісіне ортақтасу — достық емес, қастық. Шығ дос олай болмайды, — деді көп сөйлемейтін Әшен де достық жөнінде өз пікірін білдіріп.

— Тес... мұғалім келсін, — деді сақ құлақ Бектай есіктен сығалап.

Класса су сепкендей тыныштық тұды. Тек Серік бапа тыныштықты бұзып:

— Қайда болдың? Мен сені іздеп табамадым, — деді Тұяққа күбірлен.

— Сен сұрама, мен айтпайын. Әбден бір қызыққа кенелдім. Тек түбі қайыр болсын де, — деді Тұяқ откір қара көзі жалт-жұлт етіп.

— О не қызық ей?

— Әуелі ақшанды бері әкен қой, — деп Тұяқ сау-сақтарын қыбырлатты.

— Көгершініңді бересің ғой, ә, — деді басқаға көпбесе де Тұяққа дегенде елгезек Серік ақшаны оған ұстатып.

Мұғалім кіргеніне де қарамастан:

— Қызығыңды айтасың, көгершініңді бересің, я? — деді ол Тұяққа көзін жауғандата қарап.

Тұяқ үндемеді.

(Жалғасы бар).





АЛТЫН АСТЫҚ-ЕЛ КҮШІ

О Ч Е Р К

ҚЫРМАН БАСЫНДА

Алматының батыс жағындағы Қаскелең, Жамбыл аудандары арқылы, атақты Алатаудың бауырып бойлап үлкен тас жол өтеді. Сол жол осы өлкенің артерия деп аталатын үлкен қан тамыры секілді. Еркін алған ел тынысы сезілгендей осы жолдан.

Ерсімі-қарсылы бірдей ағылған машиналар жұбын жазбайды. Астанадан шыққалы бұрып көрмеген өлкені қызықтап келе жатқан маған бұл өңірдің дәм-тұзын көп татқан жанымдары Петр Яковлевич бәрін түсіндіріп келеді. Жолдың екі беті тұнған егіс. Оң жағы да, сол жағы да қызылша, бидай, жүгері...

— Міне екі ауданның шегіне келдік. Енді Жәкеннің ауданы басталады. Мынау біз іздеп келе жатқан Ленин атындағы колхоз, — деді жолдасым бір кезде.

Біз машинадан түсіп, колхоз басқармасының кеңсесіне келіп едік, есік жабулы екен.

— Бұл қалай, кеңседе тым болмаса бухгалтер де жоқ, — деген менің сөзім анандай жерде тұрған бір қарт ананы жалт қаратты.

— Қарағым, мұндай қауырт маусым кезінде колхоз адамдары ауылда отыра ма, бәрі де егін басында, — деді ол. — Есепшінің есебі де, төсегі де сонда.

Сөзімнің ораштығына өзім де ұялдым.

Әжей сілттеген бағытқа—ауылдан солтүстікке қарай беттедік.

Мектеп жанынан өте бергенде, бізді бір бала қуып жетті де, сәлем берді.

— Атың кім?

— Нұрсұлтан.

— Қайда барасың?

— Қырманға, «қызыл» ұшырысуға барамын.

— Нешінші класс оқыйсың?

— Быйыл төртінші.

— Мынау дөңдегі бақ осы колхоздікі ме?

— Иә, біздің колхоздікі, 17 гектар алма бары.

— Ал, анау егін не?

— Темекі, 29 гектар. Быйыл өте бітік, кәзір көрерсіздер, менен биік.

Бала колхоз шаруашылығын жақсы біледі, тіпті осы колхоздың есепшісі сыяқты өзі, «біздің колхоз, біздің мектеп» дейді. Ол жолдастарын мақтанып өте сөйлейді.

— Біз, 30 бала жазда арам шөп жұлдық, егінді тазарттық. Бізді мұғаліміміз Сара апай басқарды. Колхозға көп көмек бердік...

Алдымызда биіктігі аттың жалына жететін жаздық бидай жайқалады. «Коммунар» комбайны көлденеңден келе жатты. Штурвалдағы жас жігіт үлкен кемеңнің капитаны тәрізді. Бір тетігін жөндеу қажет болды ма, немене, біз жеткенде комбайн кілт тоқтады.

— Табыс көбейсін!

— Айтқаныңыз келсін!

— Бүгін неше гектар ордыңыз?

— 8 гектар нормамды ордым, кеш батқанша тағы 4 гектардай орып тастармын! — деді де, штурвалға көтерілді, қолын бұлап, алға жүріп кетті. Оны аз аялдатқаныма өзімді айыптыға санағандай болдым. Кәзіргі бір минут қандай қымбат! Нұрсұлтаннан сұрасам: бұл жас жігіт комбайншылар оқуын отлучно бітірген Ислам Маутелеев екен.

Өңгімемен отырып қырманға тақап қалған екенбіз.

— Бірінші қапты Сейдуәли тиесің машинаға!

— Иә, я партия өкіліне бер бастаманы!

Орта бойлы, сары жігіт езу тартып:

— Халық мені қаласа, құп! — деді де қапшықты ұйыққа бір-ақ ырғытып, «ЗИС» машинасының үстіне лықсыта салды.

— Ендігі кезек Нұрқалидікі.

— Е, бәсе, 19 гектардан 28 центнерден өнім алған еңбегің бар емес пе?.. Көтер қапты, Нұрқали! — деген біреудің даусы естілді. — «Қыз кімдікі болса, білек соныкі».

А дегенше алты машинаға астық тиеліп, алдыңғысына қызыл жалау қадалды.

— Тарт Алматыға!

— Мемлекет алдындағы бірінші парызды ауданда бірінші болып орындаймыз!

— Қабылда, Отан, алтын астықты! — деген бөтерінкі дауыстар қырман басын жаңғырықтырады.

Қызыл керуен астанаға аттанды.

Адал еңбектің, Отан қамын ойлағандықтың айғағы да — осы керуен. Бұл Жамбыл ауданынан тұңғыш аттанған керуен.

Қырман да кең екен. Екі тау боп екі жерге ұйылған қызыл бидайды 8 күрекші қатар тұрып ұшырып жатыр.

— Құлақта, Донай, құлақта!

— Жел де бүгін екпіндірек есіп, қошамет көрсетіп тұрған жоқ па?!

Қауыздап қара боран соғады.

Көлікшілер комбайнның бункерінен астықты тасын үлгіре алмай жүр. Бір күнде қырманға 200 центнерден астық келеді. Бұл аз ба?!

Кеш те батты. Бүгін 20 машина астық астанаға жөнелтілді. Елби орағының бірінші күні осылай өтті. Қасқарая қырмандағы қайрат қыза түспесе, бәсеңдемеді. Өйткені барлық колхоз адамдарының ойы қол қыймылынан, қаулаған қарқыннан байқалғандай.

Ол ой, ол тілек:

— Астықты біз тек нан деп қана бағаламаймыз, оны Отанның күш-қуаты, жауды жасқаптар айбаты деп санаймыз. Солдықтан елге не гүрлым астықты көп берсек, сол гүрлым ол көркейе бермек! — дегендік еді. Олар мемлекет қамын ойлайды, өздерін мемлекет қожасы санайды.

Осындай орақ күндері өтін жатты. 15 август күні колхоз мемлекет жоспарын орындап, ауданның алдына шықты.

30 август күні колхоз кеңсесіне бірталай адам жыйналды.

— Қасым, «күй саңдығыңды» бұрап жіберші.

Оқу үйі меңгерушісі:

— Ал, тыңдаңыздар! — деді.


— «Алматыдан сөйлеп тұрмыз. Соңғы хабарлар береміз. Жамбыл ауданы Ленин атындағы колхоз мемлекетке жоспардан тыс 223 центнер астық тапсырды. Келесі жылға жетерлік тұқым қорын құйды. Колхозшыларға еңбек күнге 3 килограммадан астық берілді...

— Ебе, Алматы біздің жаналықтарымызға шейін біледі, ә?!

— Өйтпесе, Москвадың інісі бола ма?!

ЕҢБЕК ИГІЛІГІ

— Адам өз еңбегінің игілігін көрген сайын, еңбекке құлшына түседі. Еңбек өнімділігі артқан сайын, біздің тұрмыс күйіміз де ауқаттырақ болып келеді. Мысалға мен өзімді алайын. Былтырғы еңбегіме үш жарым центнер астық алып ем, ал быйыл аванс ретінде 8 айлық еңбегіме 10 центнер бидай берілді, — дейді мол-өнімші звеноның мүшесі Донай Ұзақбаев қарт. — Ақшадай, жемістей алатын табысымыз өзі бөлек. Еңбек игілігін көрдік деген осы. Ешнәрсеге мұқтажымыз жоқ. Газеттен оқып, радиодан естіп жатамыз: мынау Түркия, анау Англия сыяқты елдерде



Мол өнімші звенолардың бастықтары С. Бижаева мен Н. Тергеубаев.

паруалардың еңбегі екі, жігері құм, дейді. Кисе киімге, ішсе тамаққа жарымай, өлмелі күнелтетін көрінеді ғой. Біздің колхозымызға не жетсін!

Бұл бір колхозшының сөзі емес, барлық колхозшының көкейіндегі сыры.

АГРОНОМ АҚЫЛЫ

— Бұрын бес деседең бес қаншық астық алған адамды «Қыдыр дарыған, бақ қонған» деп көтермелейді екен. Алексейдей агрономымыз барда, бізге «күт ұсынар Қыдыр» керек емес. Біз тәңірге де, тағдырда да емес, өз білімімізге, өз білегімізге сенеміз, — дейді Бижаева Сағымжан апай. Ол кісінің звеносы быйыл 18 гектар жерден 23 центнерден өнім алды. Апайдың әлгі сөзінде үлкен сыр бар. Өйткені бұл колхозда участкелік агроном Алексей Долматов қыс пен көктем күндерінде агротехника — озат мичуриндік ғылым жөнінде колхозшыларға сабақ береді.

Бұл оқуға колхоз председателі Кәмен Сәденов те, бригадир Қалдыбай Телбаев та, звено бастықтары Нұрқали, Сағымжан, Сейдахмет те, қатарлы колхозшылар да қатысып отырады. Тәжірибелі егіншілер терек білімді агрономмен білекке-білек қосады.

— Жерді қалай өңдеу керек?

— Осы араның жер қыртысында қандай ерекшелік бар?

— Звенода еңбекті қалай дұрыс ұйымдастыруға болады?...

Осындай сұраулар көп. Солардың бәріне агроном толық жауап береді.

— Быйыл біздің колхозымыз 444 гектар өгістің әр гектарынан 16 центнер 85 килограмнан өнім алып отыр, бұл әсересе агрономия ғылымының арқасы, соның көмегі, — дейді Сәденов ағай.

М. БАЯНДИН.



тышқан

мен

қандала



МЫСАЛ - ӨЛЕҢ


Б. СОҚПАҚБАЕВ

Үй иесі шықты да,
Бекітіп кетті есікті.
Сандықтың жатып астында,
Тышқан бәрін есітті.
Аштықтың өтіп зардабы,
Сілекейі шұбырды.
«Бір тойсам!» — боп арманы,
Үйдің ішін қыдырды.
Аралап жүр ол еппен
Чемодандар арасын.
Деді біреу кенеттен:
— Тышқан, қайда барасы?
Қос құлағын жымбырып,
Қараса тышқан айнала:
Гардеробқа жабысып
Түр екен бір қандала,
— Қорықпа, тышқан, қорықпа,
Айтшы, досым, хал қалай?
— Өлмеген соң қорлықта
Жүрміздағы, қалқам-ай!
Шерлі тышқан мұң шағып,
Ойдағысын ағытты:
— Әзер жеймін мен тауып
Осы күнде азықты.
Ін қаза алмай, еденде
Жүрмін мынау тақтайлы.
Сорыма менің үйді де,
Жіні жуып, ақтайды.
Азық-түлік қоймада,
Құрулы жатқан қақпан бар.
Сондықтан да ол маңға
Бара алмайды тышқандар.
Үй иесі отырса,
Тамақ түрін алуан көп
Жайып тастап столға
Рақаттанып ішіп, жеп,
Сығалап бір қуыстан
Телмірем де жатамын.
Күнім кұрсын, туысқан!
Тек сілекей жутамын.
Ең болмаса табақтың,
Жалар едім жұғынын,
Жуып, таза ұстайды,
Ыдыс-аяқ құрғырын...
Осыншама ен дәулет!
Ашқа жүрмін мен кұрып.
Өтіп кетті-ау! Сол дәурен
Күн көретін жымқырып.
Жата кетті қыйналып,
Жалап тышқан табанын,
— Айтшы, қайда мен барып
Нан күйігін табамын?

Қандала сөз сөйледі:
— Жасымашы, тышқаным,
Ауыр тұрмыс сендегі
Менікіне ұқсады.
Мен тым ұзап шықпаймын.
Өте шабан жүрісім.
Жарығында тақтайдың
Өткен өмір кұрысын!
Адамзаттың көзіне
Шалынуға қорқамын,
Аштық әбден жеңгенде,
Амалсыздан жортамын.
Жалтыратып тақтайды
Сырлап, өне тастады.
Бір қуыстан шықпаймын,
Бәрі кұрсын, бас қайғы.
Әппақ төсек-орынға
Ізім түссе кұрыдым.
Сондықтан да ол маңға
Тым қауыпты жууым,
Жақтырмаймын жарықты,
Қалайтыным қараңғы.
Қараңғыда қарық боп
Жүрсем шағып адамды.
Тышқан басын көтерді:
— Тоқта, шырақ қандала,
(Екі-үш рет жетелді).
Берілмейік қайғыға.
Қатып-семіп жүрмейік
Ерініміз кезеріп.
Басқа жаққа кетейік,
Осы үйден безелік,
Мұнда ұрлық істеуге
Еш мүмкіндік қалмады.
Барсақ деймін бір жерге,
Табарлықтай пайданы.
— Келіп еді менің де
Бұл мекенді тастағым.
Ал, дайынмын еруге
Енді өзің бастағын!

— Біз кетеміз ендеше
Жан жолдасым, қандала!
Есікті кеп ашқанша,
Аялдайық азғана.
— Зәрем жаман ұшады,
Адам көрсем, досым-ай!
Онашада қашалық,
Мүмкін болса осындай.
— Сабырлы бол, қандалам,
Менен қулық арта ма!
Жақынырақ кел маған
Отыр, кәне арқама,
Есікті кеп ашқанда,
Шыға қашып мен кетем,
Устай алмас адам да,
Бұлтың қағып жөнелсем.
Тышқан айтқан ақылды
Қандала да кұп алды.
Істің жөні табылды! —
— Деп, масайрап қуанды.
Әлсіз, арық қандала
Гардеробтан түсті де,
Шықты өрмелеп ол зорға
Жолдасының үстіне.
Табалдырық түбіне
Тышқан келді жорғалап.
Осы кезде есікте,
Жатты құлып сылдырлап,
Ашылды есік. Тышқан да
Шығып зытып барады.
Деді біреу:
— Устандар!
Көрдіндер ме ананы?
Үрейі ұшты тышқанның
Тығылатын ін қайда?
Құтқарар ма қашқанның
Сырлы, жылтыр тақтайда!
Темір тақа өкшелі
Былғары етік бір тепті.
Бар қолынан келгені —
Тышқан жалғыз шыйқ етті...

* * *



Адал еткен еңбекпен
Біз жайнаттық өмірді.
Елміз өсіп ержеткен,
Заман сондай көңілді.
Өмір өзі-ақ тықсырып
Арамыздан аластар,
Болса жүрген бұғынып
Қандала мен тышқандар!



Отряд ұнатқан ойын

көңілді әңгіме

М. ӘЛІМБАЕВ

Өркімнің өз көңілі өзіне баяғысындай көрінгенмен, балалар біріне-бірі қараң, бірінің сөзін бірі естіп енді бесінші класс емес, алтыншы класс оқушылары болғандығын, бір саты жоғары көтерілгендігін аңғарғандай. Бірінің бірі мінін де көргіш-ақ.

— Нұрбайдың галстугі бүгін де өтіктелмеген бе? — дейді Марат көпке естірте.

— Оның есесіне көбелектері көбейе түскен шығар, — деп Әнуар Маратты қостай кетті.

— Зоология кабинетіне барып көр, оқу құралын оқып-оқып түсінбегенде сол көбелектерім көмектесер саған... дейді Нұрбай галстугін түзеп жатып.

Бұлар отырған пионер бөлмесінің есігі ашық тұр. Залдың түкпірінде осы отряд советінің председателі Алтай аға пионер вожатыйымен «Отряд абройы үшін» деген газетке үніліп, бір нәрсені қызу талқылап жатыр.

— Бұл көтерген мәселелерің дұрыс! Маяковскийдің мына бір ауыз өлеңін орында жазған екенсіңдер:

Мейлі негр москал тартқан болсам да мен,
Аулақ боп ерінуден, күмілжуден
Үйренген болар едім орыс тілін,
Тек сол тілде Ленин сөйлегеннен.

Бірақ, «Орыс тілін жақсы үйренейік» деп құр жазғанмен бола ма, іске кірісу керек, Алтай! — дейді аға вожатый — Қалай үйренбексіңдер? Оны қалай ұйымдастырмақшы болдыңдар?..

Есікке қарап отырған Мараттың көзі Алтайға түсті де, жымыйып күліп жіберді.

— Сен неге күлдің?

— Папамның алдыңғы жылы айтқан бір сөзі есіме түсіп...

— Ол не сөз?

— 1948 жылы сайлау болғанда, сауыншы Мәлике апай ауылдық Советке депутат болып сайланған жоқ па? Сонда папам: «Біздің Мәлике апай осымен екінші рет сайланады. Халық сенімін ақтау аброй әпереді деген осы! Халық оны тағы сайлады», — деп еді. Ал, біздің «депутатымыз» Алтай екі рет түгіл, кеше үшінші рет отряд советіне председатель болып тағы сайланған жоқ па?

— Е, сен звено вожатыйы болғандығыңды қомсынып жүрмін де, бірақ сен де осымен екі рет сайлан-

дың ғой, — деді Әнуар Маратқа. Осы кезде өзінің ұдайы асығыс жүрісімен жұртты жалт қаратып Алтай кірді.

— Жаңа ойын ойнаймыз ба? — деді ол, ортаға келіп тоқтап, айналасына қарады. Пионерлер дабырлап кетті.

— Ойнаймыз! Ойнаймыз!

— Тағы бір секіретін, қарғыйтын бірдеме шығар! — деп ойлады ішінен, спортты жақтырмайтын Сапарғали. Бірақ пионерлердің көбі Алтайдың аузынан «жаңа...» деген сөз шықса болды, шынында бір жаңалық айтатынын жақсы біледі. Сондықтан оны көбі «Жаңалық» дейтін.

— Ендеше қолдарыңа бір-бір тарақ ақ қағаз бен қарындаш алыңдар! Дайындалдыңдар ма?

— Дайынбыз! — деді пионерлер хормен. Алтай бәрінің алдында тұрған кішкентай оқытушы сыяқты.

— Онда «К» әрпінен басталатын орыс сөздерін тізіп көрейік. Кім тілге бай екен?! Бірақ, жазғандарыңды біріңе бірің көрсетпеңдер, соңынан бір-ақ тексерейік, — деді Алтай.

Партада отырып үйреніп қалған балаларға тапал орындық үстінде жазу ыңғайсыз көрінді. Ұмытшақ Сапардың қарындашы да жоқ екен, жанындағы Қаттирадан сұрап алды.

Бәрінің ойы: сөзді кім көп жазар екен?

Қарындаштар қағаз бетінде су-су етеді. Бәрі де қағаздарын сол қолымен қалқалап алыпты. 9 сөз жазып тоқтаған Тайын қатарындағы Қабибаның қағазына мойнын созады, бірақ көзіне ештеңе шамылбады. Ол бөлменің төбесіне қарап «краска» деген сөзді есіне түсірді.

Қабырғадаты сағатқа қарап Алтай:

— Бес минут өтті, енді жазғандарыңды маған беріңдер, — деді.

— Сен неше сөз жаздың?

— 31-ақ сөз таптым.

— Мынау бір қызық ойын екен, ә?

— Орыс тіліне олақтығымыздың бетін ашатын ойын ғой бұл, — деп балалар бірі мен бірі сөйлесіп, дабыр-дұбыр етеді.

Алтай қолына жыйналған тарақтарды реттеп алды

да, ең үстіндесі Бақытжанның жазған сөздерін оқып бастады.

— Жақсы! 47 сөз! Жолдастар, енді, мен кәзір әркімнің жазғанын оқығанда, өздерің таппаған сөздерді тізіп отырыңдар.

Бәрі қараз бен қарындаштарын қайта алды.

— «Командир, Калинин, катер, корабль, капитан...

Сапарғали есітпеген сөздерін: катерді, кубок... асыра жазса да, тізіп үлгіре алмай жатыр.

— Асықпай оқышы! — деген дауыстар естіледі. Осылайша 27 пионердің қағазы оқылды. Сөзді бәрінен көп тізген Меруерт болды.

— Мынау ойын маған ұнады. Мұны күнде ойнауға болады екен, — деді Марат түрегеліп, — мен кәзір өзім бұрын есітпеген 23 сөзді жазып алдым. Бұл жақсы екен.

— Катер деген немене?

— Қазбек шың аты емес пе, темекі деп кім айтты?!

— Жолдастар, деді Алтай — көпшілік тына қал-

ды, — біз колхозда, ауылда өсіп келеміз, Ана тілінен гөрі орыс тілін нашар білеміз. Бұл ұят, орыс тілін жақсы үйренуіміз керек. Бұл — Ленин мен Сталин тілі. Орыс тілі пәнінен таяу уақытта отрядымызда орташа бағаға ие болумен қанағаттанып қоятып бір пионер болмасын! Осыған келісеміз бе?

— Келісеміз! — десті балалар.

Алтайдың газеттен оқып үйренген ойыны бәріне ұнады. Сабақ уақытындағы үзілістерде 6 «Б» класына барсаң, екі-үш баладан топтанып осы «орыс тілі» ойынын ойнап жатқанын көресің. Бұлар өздеріне бір-бір қойын дәптер жасап алған. Оны алфавитке бөліпті. Әркім өзі тапқан я біреуден үйренген сөзін сол дәптерге тізеді. Қайраттың тізбегінде әр сөздің аудармасы мен түсінігі де бар. «Арбат» деген сөздің тұсына «Москвадағы көше аты, татар-монғол басқыншылары билеген кезде олардың аты-арбасы тұрған жер» делінген.

Отряд советі председателі Алтай жолдастарының орыс тілін үйренуіне осылай көмектеседі...



ЖАРА - ШОЛАҚ

Ә Н Г І М Е

А. ХАНГЕЛДИН

Қыстауға көшіп қонғалы біздің қораның дәл арғынан қырғауылдың бір қоразы ертелі-кеш шақырып, кешкей қойды. Кейде келе жатқанымызда аяқ астынан ныр етін ұшып өзімізді талай рет шошытқан да болатын. Оның құйрығы жоқ, шолақ қораз екені де бізге талайdan мәлім.

Бәкең осы қоразға қақпан да құрып, тұзақ та салып ұстай алмай, бір неше рет атын та, оқ тиізе алмай әбден кижінің жүретін. Кейде қырғаул түнде шақырғанда, оның даусын естіп ызаланған Бәкең «қан, бәлем, менің ісім сенімен қар жауған соң түссін» — деп жүретін. Оның ол сөзіне біздер маз-мәйрам болып көтеріліп қалатынбыз.

Алғашқы қар жауды. Кешке басталған қар түнімен жауып даланы көмді де тастады. Бәкең бүгін бақадан ерте тұрып:

— Бүгін Қара-шолақтың үні өшті, енді сәті түссе, оның сорпасын да ішерміз, — деп әзірленіп жүр.

Бәкең Әбітай екеуімізді шақырып алды да:

— Сендер кәзір тайларыңа мініңдер де, менің соңымнан еріңдер, біз бүгін сонарға шығамыз, — деді.

Сұрағанға — тілегей, Бәкең өзі шақырып тұрғанда, бізге тұрыс бар ма, дереу та-йымызға біздер жайдақ міндік те, Бәкеңнің соңынан ердік.

— Қолдарыңа қамшы алмаңдар, ұзып шыбық алыңдар. Кәзір қырғауылдың әулесі екі ұшудан артыққа жарамайды. Сендердің тайларың шабуға ықпал қой, сондықтан

тура шапшаң ұмтылыңдар, барып қонған жерінен көз жазып қалмаңдар. Қонған жерінен дереу ізін шығарыңдар, ол кейде, барып қонған жерінде қардың астына кіріп жатып алатыны да болады, ондай жағдайда аттың аяғымен шыйырлай берсеңдер, ізін адастырып таптырмай қояды. Сондықтан қырғауылдың барып қонған жерінен көз жазып қалмаңдар, — деп екеуімізді Бәкең әбден пысықтады.

Осыдан кейін үшеуіміз жүріп кеттік. Ауылдан шықпай жатып, қораның дәл түбінен Қара-шолақ ныр ете түсті. Көз жазбастан біз де тура шаптық. Құйрығы жоқ неме көн ұзақ ұша алмастан, анадай жерге барып төп ете түсті. Бұл жолы бізге жол көрсетейін дегендей, Бәкең оза шауып бізден бұрын өзі жетіп еді. Қара-шолақ қайтып ұшуға жарамады. Жатқан жерінен қанатын сабалап бір-екі рет ұмтылып жорғалады да, қардың астына кіріп жатып алды. Бәкең таяқпен бір соғып, көтеріп алып жатып:

— Енді шақырасың ба, бәлем — деді, мақтапшы сырын білдіргендей мыйығынап күле бізге бір қарап, — Қара-шолақтың бір рет ұшудан артыққа жарамағанындай-ақ күйі бар екен, тіпті шайлап, майға бітіп қалыпты.

Біз осылай түске дейін сонар қуып он бес қырғауыл ұстадық. Бұл Әбітай екеуіміздің де тырнақ алды сонарымыз болды. Неге екені өздерің білерсіңдер, қуанғаным сонша, мен үйге қалай тез келгенімді білмеймін.





ЖАСТАР БЕЙБІТШІЛІКТІ ЖАҚТАЙДЫ

С. ҚҰНАНБАЕВ.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары, демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік екінші конгресіне барған совет делегациясының мүшесі.

Сентябрьдің 2—8 күндері — дүниежүзі жастарының естерінде қалатын ерекше елеулі күн болды. Бұл күндері Венгрия халық республикасының астанасы — Будапешт қаласында демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік екінші конгресі болып өтті.

Конгреске келген 71 елдің 637 делегаты Венгрия парламентінің алтынмен әшекейленіп, түрлі елдердің туларымен безелген әдемі үйінде бас қосты.

Жер жүзінің барлық түкпіріндегі халықтардың атынан конгреске келген жас делегаттар берік бірлікті, баянды бейбітшілікті, халықтық демократияны ұлт тәуелсіздігін және жастардың бақытты жарқын болашағын қорғау жолындары өздерінің ізгі пікірлерін білдірді.

Біз Индонезиядан келген жас жігітке құрметпен гүл ұсынған Голландияның қызын көрдік, Вьетнамның қызымен қол ұстасып жүрген француз жігітін, негрмен достарша құшақтасқан американды, қазақпен бірге билеген ағылшынды көрдік.

Конгресс демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы президенті Ги де Буассонның есепті баяндамасын тыңдады және федерацияның басшы органдарын сайлады.

Федерацияның қызмет еткен жылдары баянды бейбітшілік үшін, демократия үшін талмай күресу жылдары, жастардың праволары мен мүдделерін жігерлілікпен қорғау жылдар болды. Бұл федерация құрылғаннан бергі өткен төрт жыл оның тілектері мен мақсаттарының жүргізген жұмыстарының әділ екендігін, миллиондаған жастар бұқарасының мүддесімен үйлесетіндігін дәлелдеді. Осы уақыттың ішінде федерация өз қатарының санын екі есе арттырды, ол кәзір 70тен аса елдердің 60 миллион қыздары мен жігіттерін қамтыды.

Делегаттар Ги де Буассонның баяндамасын талқылауға белсене қатысты. Конгрестің ақ трибунасына 80 делегат шығып сөйледі. Жас шешендер нақтылы дәлелдер, айқын мысалдар келтіріп, капитализмнің іріп-шіріп бара жатқандығын, жанталасып соңғы

әрекетін жасап жатқандығын айтты. Түрлі елдерден келген делегаттар түрлі фактылар келтіреді, бірақ олардың бәрінің шығаратын қорытындысы, сөздерінің түпкі төркіні біреу. «Капитализм жойылсын!» — жастардың ұраны осы. Сөйлегендер дүние жүзіндегі барлық елдердің жастары өтірік пен шындықты ажырата алатынын, кімнің жау, кімнің шын дос екендігін білетінін айтты. Жарыс сөзге шығып сөйлеген әрбір делегаттың сөзі американо-ағылшын империалистері бастаған соғыс өртінен тұтандырушылардың қаскүнемдігін аяусыз әшкереледі.

Делегаттар түрлі тілдерде сөйледі. Бірақ олардың бәрі бір ойдан, бір тілектен шығып тұрған сыяқты. Ағылшын-американо империалист төбеттері және олардың Тито мен Блюм, Эттли мен Саррагат сыяқты итаршылары қаншалық жанталасса да, олар жастарды алдай алмайды, жастарды қанаушы мырзалардың тілсіз құлына айналдыра алмайды. Жас ұрпақтар жаңа соғыстың өртінен тұтандырушы пайдакүнем зұлымдар үшін зеңбірекке жем бола алмайды.

«Ағылшын жастары совет жастарына қарсы ешуақытта қару жұмсамақ емес!» — деді прланд қызы Доротти Хайнс. «Француз жастары Совет Одағына қарсы ешуақытта да ұрысқа шықпайды!» — деді Француз делегаты Лео Фигер. «Америка жастары Совет Одағының жастарымен үнемі дос болады,» — деді АҚШ делегаты Дэвид Мур. «Біз жаңа соғыстың өртінен тұтандырушыларға бір тамшы мұнай, бір түйір дән, бір грамм темір рудасын бермейміз!» — деді Венесуэла делегаты Гарсиа Понсе. «Совет ұлдары мен қыздары бұдан былай да болашақ ұрпақтың бақыты мен бостандығын ерлікпен қорғауға дайын!» — деді атағы бүкіл дүние жүзіне мәлім нағыз адам Алексей Маресьев.

Жастардың бұл айбынды ескертуін ағылшын-американ соғысқұмарлары, олардың буржуазияшыл жалтан жазушылары мен итше үретін радио түсіндірушілері елемей өте алмайды.

Конгресте жүздеген қуанышты көздер бізге, совет халқының 35 жас өкіліне сүйсіне қарады. Конгресс

дүниежүзіндегі демократияшыл жастардың Совет Одағына деген, совет халқының көсемі және ұстазы, бейбітшілік үшін күрестің ұйымдастырушысы және дем берушісі ұлы Сталинге деген сүйіспеншілігі мен сенімнің арта түскендігін көрсетті.

Сүйікті Сталиннің есімі конгрестің туы болды. Бұл есім мәжліс залында, театрлардың адамға лық толған үйлерінде, Венгрия астанасының алаңдарында зор мақтанышпен аталды. Ұлы Сталиннің портреттерін Будапештің көшелерінен де, парламент алдында болған зор жыйында да, Кошут алаңында да, Грецияда соғысушы солдаттың айналы блокнотынан да көрдік. Совет делегациясының басшысы Михайлов жомдастың сөзінен кейін делегаттар Ұлы Сталиннің, Совет Одағының құрметіне ду орация жасап, 20 минут тынбай қол шапалақтады. Осының өзі қазір бүкіл дүние жүзінің адал ниетті ұлдары мен қыздары 98 тағдырын кемеңгер Сталинге сеніп тапсыратындығын айқын көрсетеді.

Конгресс демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының саяси бағыты мен практикалық жұмысын бірауыздан мақұлдады, оның конституциясын бекітті, бұдан былайғы жұмыстарының жауынгерлік программасын белгіледі.

Конгресс қаулы қабылдады. Онда, демократияшыл жастар бұдан былай да барлық дүние жүзінде баянды бейбітшілік үшін, халықтардың достығы үшін, қанаудың бәріне қарсы, жаңа соғыстың қаупіне қарсы аянбай күреседі делінген.

Конгресс барлық жастар ұйымдарын Индияның, Вьетнамның, Бирманың, Малайяның, Индонезияның тағы басқа бтар және тәуелді елдердің өз халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресуші демократияшыл жастарының күресін барынша қуаттауға шақырды, АҚШ-та, Индияда, Испанияда, Грецияда, Оңтүстік Кореяда, Латын Америкасы елдерінде, Африкада, Таяу Шығыста империалистердің демократияшыл жастар ұйымдарын және олардың басшыларын қудалау саясатына батыл қарсылық білдірді; Барлық елдердің жігіттері мен қыздарын бейбітшілік пен демократия үшін күреске бірігіп, демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясына қызмет етуді күшейте түсуге шақырды.

Конгресс 10 ноябрьді — Бүкіл дүниежүзілік демократияшыл жастар күні етіп, 21 февральді — бтар және тәуелді елдердің жастарына тілектестік білдіру



Конгреске қатысқан совет делегациясы.

күні етіп, 14 апрельді — республикалық Испанияның жастарына тілектестік білдіру күні етіп белгіледі.

Конгресс демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының эмблемасы (белгісі) мен Гимнін және оның ұранын бекітті. Демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының ұраны мынадай: «Жастар, бірігіңдер! Баянды бейбітшілік үшін, демократия үшін, халықтардың ұлттық тәуелсіздігі үшін, жастардың тамаша болашағы үшін алға басайық!»

Бүкіл конгресс осы ұранмен өтті.

Демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының екінші конгресі халықаралық жастар қозғалысының тарихынан аса көрнекті орын алады. Өйткені бұл конгресс бүкіл дүниежүзіндегі демократияшыл жастардың бірлігін барған сайын нығайта түсті, бейбітшілікке жақтаушы жастардың жауынгерлік қатарын көбейте түсті. Бұл конгресс жаңа соғыс өртіп тұтандыруға әрекеттенген американо—ағылшын империалистеріне қатты ескерту болды.

Балалар, демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы екінші конгресінің қаулысын жүзеге асыру жолында сендер де үлкен істер істей аласыңдар. Бұл үшін сендер сабақты отлучно және жақсы оқыңдар; мектепте, үйде, түзде—барлық жерде тәртіпті берік сақтандар. Ата-аналарың мен ағаларыңның еліміздің қуш-қуатын нығайту жолындағы ерлік еңбектеріне үнемі қолқабыс етіндер. Мұның өзі жастардың бейбітшілікті қорғау жолындағы қаһармандық күресіне сендердің де қосқан үлестерің болып саналады.



ОТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҰЛЫ АДАМДАРЫ

М. В. ЛОМОНОСОВ — ОРЫС ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Профессор Х. ЖҰМАЛИЕВ.

«Ломоносов ұлы адам еді, ол бірінші Петр мен екінші Екатеринаның арасындағы кезеңде ағарту жұмысының қолдаушысы болды. Ол бірінші университет құрды. Дұрысын айтқанда, оның өзі біздің университетіміз еді» дейді А. С. Пушкин.

Данышпан бақынымыздың бұл сөздері М. В. Ломоносовтың тарихи ұлы еңбектеріне дәл және терен түсініп, дұрыс берілген баға. Бірінші Петрден кейінгі Россияның даму тарихында — «қайта құру дәуірінде» үлкен із қалдырған кементерлердің ең көрнектісі Ломоносов. М. В. Ломоносов Ақтеңіз жағасындағы балықшының баласы еді. Ғылым іздеу сапарының алғашқы кездерінде ол көп мыйқнатты басынан кешіреді, бірақ оған моймайды. Оқу іздеп Москваға жол шегеді. Қыйыншылықтарды жеңе отырып, көздеген мақсатына жетуге күш салу арқасында, Михаил Васильевич атақты зор ғалым болып шығады.

Ол химия, физика, астрономия ғылымдарында көп жаңалықтар ашты. Физикада жылылық, суықтық заңдарына көп толықтырулар енгізді, астрономия ғылымында бақылау, тексеру арқылы Шолпан (Венера) планетасында ауа барлығын анықтады; тау кеңін зерттеу жұмысына негіз салды; химия ғылымында материяның сақталу заңын Лавуазьеден Ломоносов бұрын айтқан болатын. Оның ғылымның көп саласы туралы айтқан данышпандық сөздері мен ғылыми еңбектері Россияда ғылым өркендеуіне жетекші болды.

М. В. Ломоносовтың тіл, әдебиет ғылымдары үшін де еткен еңбегі зор. Ол 1740 жылдан бастап орыс тілінің грамматикасын жаза бастады да, оның құлды еңбек болуына үлкен күш салып, 1755 жыл бастырып шығарды. Бұл еңбегі орыс тілі грамматикасының классикалық үлгісі ретінде жүз жылдай барлық мектептерде қолданылып, оқу құралы болып келді.

Ломоносов орыс тілінің байлығы мол, ол тілде не нәрсе болса да істеуге болады деген пікірді берік ұстады. Шынында орыс тілінің байлығы, оның болашағының үлкендігі сөзсіз айқын нәрсе болатын. Бірақ, оны ғылыми негізде дәлелдеп, өзінен кейінгілердің орыс



М. В. Ломоносов

тілін кемсіне қараушы шетелдіктерге өлтіре соққы беру үшін теориялық мықты құрал беруші бірінші тіл ғалымы да М. В. Ломоносов болды. Ломоносовтың тіл туралы еңбегі келешектегі орыс тілінің ғылыми грамматикасын жасауға бірінші рет негіз болып, орыс тіл ғылымының дамуына сара жол салды. М. В. Ломоносовтың орыс тіліне қаншама көңіл бөлгендігін тек грамматика ғана емес, оның аудармаларынан да көруге болады. Оған шейін таза шеркеу-славян тілімен жазылатын салтты бұзып, халық тіліне жақын, жұртшылықтың ұғымына сай жаңа сөйлем, бұрынғы аудармаларда кездеспейтін жаңа сөздермен аударды. Әрине, ол сөзді көктен алып, жерден тапқан жоқ, орыстың ескі тілі, жайшылық өмірде көп қолданылатын сөздерден кереметісін талғап, таңдап ала білді. Оның бұл әдісі ғылыми әдіс және өз кезіндегі алдыңғы қатардағы көзқарастарға сүйенген пікір болатын. Славян тілінің негізі бай болғанмен діни қоспасы көп, ескі грек және латын тіліне мидай араласқан тіл еді. Бұл көпшілікке әрі түсініксіз, әрі «кітап» тілі болып қана қалған болатын. М. В. Ломоносов бұл тілдеп славяндарға және орысқа ортақ сөздерді ғана алып, келешек үшін кәдеге аспайтын ескірген, түсініксіз сөздерді алмауды ұсынды. Сүйтіп, орыстың бірінші ұлы ғалымы орыстың шын мәніндегі әдеби тілін жасауға және шет тілді орынсыз қолданып, тілді шұбарламау жолында күрес ашты.

М. В. Ломоносов орыстың тілі ғана емес, әдебиетіне де теориялық мәселелеріне де айрықша көңіл бөлді, кейінгілер үшін ғылыми құнды еңбектер қалдырды. Орыс тілінде өзіне шейінгі тұрақты болып келген силлаболық өлең құрылысын өзгертіп, орыс әдебиетіне тоникалық өлең құрылысын енгізді. Силлаболық өлең құрылысы буынға негізделсе, тоникалық өлең құрылысы сөздегі екпінді буын мен екпінсіз буынының заңды түрде кезектесіп келуіне негізделді. Бұл тоникалық өлең құрылысы орыстың тіл құрылысына дәл, өте қонымды еді. Ақын Ломоносов оны сезді де, ғалым Ломоносов өзінің теориялық еңбектерімен дәлелден берді.

М. В. Ломоносовтың әдеби еңбектеріндегі негізгі идея, аңсаған арман Россияның Петр бастаған шаруашылық, мәдени, ағарту істеріндегі табыстарды дамыту, әлеумет өмірінде әділдік орнату болды. Бұл идея өз отанын тереңнен сүйген патриоттық тілектен туды. Россияны ілгері апарудағы Ломоносовтың бірінші орынға қойғаны ағарту, ғылым арқылы ұлы отанының ұлан байтақ жер байлығын толық меңгеру болды. М. В. Ломоносовтың жазған өлеңдерінің көпшілігі жастарға өмір туралы сабақ беру тілегінен туған, ол жастарды зор мақсатқа талпындырды.

Бір өлеңінде ол:

«Тулаған толқым кең дала,
Меңіреу тоғай айнала,
Кез, арала жер шарың.
Солтүстік суың мұзың көр,
Шыңыпа таулар шығың көр,
Ұшып біл, жаһан аспаның.
Зертте, бәрін қалдырма,
Ашылмай жатыр талайлар.
Жер жүзі әлі білмеген
Табиғатта талай бар» деді.

Ломоносов искусство мен поэзияда өзінің ғалымдығын, ғылымда өзінің ақындығын көрсетті. Оның химия, физика жөніндегі және онан басқада ғылымдар жөніндегі еңбектерін алсақ, ой тербеткендей әдемі ақындық қаламының жемісі екендігін, өлеңдерін, оқығанда ғылым несінің сөзі екендігін көру қиыны емес. Бұл оның әр алуан таланттылығын және ол таланттарының бәрі жыйылып бір арнаға құятын өзен тәрізді отан мүддесі деген негізгі үлкен идеяның айналдасында тоғысатындығын көреміз. Ломоносов жан жағы сай, сегіз қырлы, данышпандығы жағынан дүние жүзіндегі даңқты алаштардың ең алдыңғы қатарынан орын алады. Ал, Россия тарихында Ломоносов орыс ғылымының атасы болды.

Пушкин «Оның өзі біздің университетіміз еді» десе, Белинский: «Біздің әдебиетіміз Ломоносовтан басталады, ол әдебиетіміздің әкесі, өсірушісі, ол оның ұлы Петрі болды. Мұның ұлы адам екенін, данышпандық жөрі басылған жан екенін айтудың керекті бар ма? Мұның бәрі шек келтірмейтін шынық» деді.

Ломоносов ұлы орыс халқының сегіз қырлы данышпан ғалымы. Ол орыс ғылымының дамуына бірінші негіз қалаған және жасаушысы, ұйымдастырушысы болды. Ал орыс әдебиеті мен искусствосында өшпес белгі қалдырды, олардың өркендеуіне өзі бастап жол салды. Ол:

«Өзінің ғалым Платоның,
Ойға жүйрік Невтоның
Орыс жері тудырар!» —

десе, сол данышпандық жорамалдың басы өзі болды.



ЮРИЙ СМОРНОВ



Жендеттер қолға түскен жас жауынгерді ауыр азапқа салды. Олар әуелі оның жас денесіне темір қыздырып басты. Жауынгер сонда да тіл қатпады. Сонсоң дұшпандар оның аяқ-қолын керіп, тақтайға қағып тастады. Әскери антқа ақырына дейін берілген жауынгер жауына жалғыз ауыз жауап қатпай, қайсарлықпен қаза тапты.

Жендеттер асыға бастады. Өйткені жау да жақын еді. Өш алатын уақыт таянып келеді. Олар штабын, документтерін тастап, қаша жөнелді.

Қашқан жауды өкшелей қуып, совет әскерлері жау бекіністеріне келіп кірді. Олар бір блиндажды дұшпаннан тазартып жүргенде, тақтайда шегелеулі тұрған жауынгерді көрді.

Жауынгерлер оны тақтай бетінен еппен алып, алдарына салды. Сол арада, олар жас жауынгердің өлігі үстінде, өздерінің белгісіз жолдасы үшін дұшпаннан кек алуға ант етті.

Жаңағы жас жауынгер кім еді?

Стол үстінен Совет Армиясының жас жауынгері Юрий Смирновтың қызыл әскер кітапшасы мен комсомол билеті табылды. Сөйтіп, жаңағы жас жауынгер Юрий Смирнов болып шықты.

Юрий миллиондаған қарапайым совет жастарының бірі. Оның әкесі Василий Смирнов Унже өзенінің бойындағы Макарьев қаласында тоғай күзетуші болып істеді. Ұлы Отан соғысы жылдары ол Сталинград үшін болған ұрыста ерлік өліммен қаза тапты. Жаудан әке кегін алу үшін және өз елін сұрқыя жаудан қорғау үшін жас Юрий жауға аттанды.

Бір күні командование үлкен шабуыл жасардың алдында танкы десантына өз еркімен баратын жауынгерлерді іріктеді. Булардың ішінде Юрий Смирнов та болды.

Танк десанты кезінде ауыр жараланған Смирнов немістердің қолына түсті. Адам киімін киген айуандар гвардия жауынгері Смирновтан жауап алмақ болды.

— Танк десантына қандай тапсырма берілді? Олар қандай бағытта шабуыл жасамақ?—деп сұрады олар Смирновтан.

Бірақ совет жауынгері оларға жалғыз ауыз жауап қатпады. Айуандар қанша азаптасада, ол соғыс құпиясын жауға айтып бермеді. Сөйтіп гвардия жауынгері Юрий Смирнов ерлік өліммен қаза тапты. Бұл 1944 жылы 25 июнь күні Орша қаласының солтүстігіндегі майданның бір учаскесінде болып еді. Ал, сол жылдың 6 октябрінде гвардия жауынгері Юрий Смирновқа Совет Одағының Батыры атағын беру туралы ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Указы жарияланды. 19 жасар комсомолецтің езгі есімі мен ерлік ісін бүкіл еліміз білді. Оның аты Зоя Космодемьянская, Александр Матросов, Лиза Чайкина, Саша Чекалиндермен қатар, еліміздің ерлік тарихына алтын әріппен жазылды.

Юрий Смирновтың қанжардай қысқа өмірі мен мәңгі өлмес ерлігі — туған еліне, өз халқына шексіз берілгендіктің үлгісі, Ленин — Сталин партиясының ұлы ісі үшін қасық қапы қалғанша күресудің бейнесі.

Бөбектер тойы

Біздің өмірімізде жыл сайын кейбір сөздер бұрынғы мағынасын өзгертіп кейбірі тіпті қолданудан шығып барады. Кәзір «жетім» деген сөз бізде бұрынғыдан көп айтылмайтыны кімге болса да белгілі. Мұның себебі бар. Егер сенің әке-шешен жоқ болса, тамаша әдемі салынған, іші жарық, кең, таза үйде тұрсаң, не ішіп, не киімін деп қыяналасаң, мұқтаждық көрмесең, оқу оқып, білім алуда, басқа балалармен бірге мектеп тәрбиесін көруге барлық жағдайың болса, өз анаңдай әлпештеп, кірінді жуып, суға түсіріп, аппақ мұнтаздай етіп тәрбиелейтін, қақсаң қабағыңа, мұнайсаң жүзіңе қарайтын ана табылса, сен өзіңді жетіммін деп атауға ауызың барар ма еді?! Атай алмас едің, сені «жетім» деп еш кім де атай алмас еді. Бұған бір ғана мысал келтірейік.

Алматы қаласындағы 3-балалар үйінде 3 жастан 13 жасқа дейінгі 200 бөбек тәрбиеленеді. Олардың күлкілі жүзінен, сәби көзінде шаттық, бақыттылық, мұңсыздықтың жарқып жүзін көресің. Бұлардың тұрған жері қандай тамаша! Алматының ең сұлу, бау-бақшасы көп, шаң-тозаңсыз әсем жері. Дачная көшесіндегі екі қатар ақ үй-осылардың тұрағы Үй төңрегінә неше түрлі хош иісті қызыл-жасыл гүлдер отырғызылған. Ападай жерден алма бағының аңқыған жұпар иісі келеді. Бұл бақ сол балалар үйінің өзінекі

Балалар үйінің клубы, кітапханасы, ойнайтын жеке-жеке бірнеше мәдени бөлмесі бар. Бөлме ішінде түрлі қуыршақ, сырнайша, ат, түйе, маймыл бейнелі ойыншықтар тұр. Тамақ ішетін, киім шешетін бөлмелердің іші де қызығарлық әдемі, таза, жарық. Ал, ұйықтап дем алатын бөлмелерінде біртүсті кішкене темір кроваттар үстінде ақ жамылғыш, көк көрпе, жұмсақ жастықтар қойылған. Совет елінің жас бөбектері, болашақтың үміті-жас жеткіншектері осындай тамаша жайда тәрбиеленеді. Олар өмір мұқтаждығын көрмей еркін өседі.

Шын достық, тамаша ауыз бірліктің, ұйымшылдықтың үлгісін де осылардан көруге болады. Бәрі де бір кісінің баласындай тату, үстеріне киген киімдеріне дейін бір түсті. Орыс баласы Николай Горбунов, қазақ баласы Қуаныш Әлмұхамбетов, украин қызы Оля Стаценко, татар баласы Әнур Жалелов, ұйғыр баласы Ромер Халитовтар бірге тәрбиеленеді. Қуаныш күлкісі қандай бір болса, тәрбие күтімі де сондай бір. Бойларындағы жастық қанымен бірге бітіп, сүйекке сіңген достық, тату-тәттілік, коллективтік өмір бұларды мәңгілік туысқан, дос еткен. Үлкені, кішісінің қарындасым десе, үлкенін кішісі аға, апа дейді. Бірін-бірі мақтаныш етеді.

Балалар үйінде осы бөбектерді жақсы тәрбиелеп, уақтылы тамағын беріп, киімін кигізіп, ой-

натып, мәзгілімен мектебіне жіберіп, күтетін мейірімді аналар, ысылған жақсы тәрбиешілер бар. Бұлар партия мен үкметтің осыларға деген әкелік қамқорлығын оларға айқын сездіріп түсіндіріп отырады. Бұлар ең тәтті, жылы сөз—баласын жақсы көретін ананың айтатын сөздерінің бірін де ұмытқан жоқ. Олар:

— Қалқам, бүгін сенің туған күнің! — дегенді де ұмытқан жоқ.

— Осы жылдың 21 августында, Рая Төлемісова 7 жасқа шықты. Ол мектеп есігін ашып, білім алудың алғашқы басқышын өтеді. Екі той бірге келеді. Балалар үйінің барлық коллективі, Раяның өз достары келіп оны құттықтады.

— Туған күніңмен құттықтаймын! — деген жылы сөзді ол сол күні көп естіді. Бос құттықтау емес, үлкен той жасалды. Бұл тойға қаладан көптеген адам келді. Олар Раяға дәптер, кітап, сумка әкелді. Жақсы тігілген көйлек, орамал, аяқ киім, пальто сыйлады.

Баланың ғана емес, үлкенінің де өміріндегі елеулі күн—оның туған күні болса, ол мұнда үлкен той болып өтті. Тойда төрте отырған 20 баланың бәрі бір күнде туған еді. Осындай тойлар мұнда жиі болып тұрады.

— Қалқам Рая, құттықтаймын, бүгін сенің туған күнің, сен 7 жасқа шықтың, енді мектепке барасың, оқыйсың! — деп Төлемісоваға айтылған жылы сөз, барлық сыйлықтан да қымбат емес пе? Бұл қамқоршы ана — Отан үні болып естіледі.

Раялардың тойына Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі Нұртас Оңдасынов жолдас келді. Ол кісі мұнда музыканы жақсы көретін, әнді әдемі салатын Рая, Тұрған, Муза, Әнуар, Арон, Любалар бар екенін біліп, тойға «Красный Октябрь» пианносын әкелді. Әнші; биші жеткіншектердің туған күніне арнаған үлкен сыйдың бірі осы. Бұл тойдың елеусіз болғаны ма? Жоқ, совет балаларының тойы—ең елеулі, құрметті той. Совет елінде балаға деген сталиндік ұлы қамқорлық, шексіз махаббат бар.

С. БАҚБЕРГЕНОВ.



Той күні.



АЛБАНИЯ ПИОНЕРЛЕРІ



Пионер ұйымы Албанияда алғашқы рет соғыс жылдары пайда болды. Бұл 1942 жылдың 10 февралы еді. Бұл күндері бұл кішкене ел фашист басқыншыларға қарсы ерлікпен күресіп жатқан болатын. Сол кездің өзінде-ақ албан балалары Совет Одағының неміс басқыншылары басып алған аудандарындағы пионерлердің гитлершілдерге қарсы қандай ерлікпен күресіп жатқандығын естіген болатын. Совет Одағы пионерлерінің үлгісімен, албан балалары да өз еліп сыртқы жаудан қорғауға белсене қатысқысы келді. Сөйтіп олар Албанияның астанасы — Тираның төңірегіне жыйналып, өз Отанын фашист басқыншыларынан азат етуде ата-ана, аға-апаларына көмектесуге ант етті.

Албан балалары бұл анттарын зброймен орындады. Олар басқыншыларға қарсы батырлықпен күресті. Олардың көпшілігі майдан даласында ерлік өліммен қаза тапты. Сондай балалардың бірі — 14 жасар Кназиль Алимәметі еді. Ол пионер отрядтарын алғаш ұйымдастырушылардың бірі болатын.

Кәзір Албанияда пионерлердің саны 140 мыңға жетеді. Олардың барлығына да оқуға, дем алуға, ойнауға барлық жағдай жасалған, сол сыяқты үлкендермен бірге, өз елінде жаңа өмір құруға да толық мүмкіншілік берілген.

Жаңа Албаниядағы мектептер саны соғыстан бұрынғы ескі Албаниядағы мектеп санынан үш есе артық. Оқу жасына жеткен барлық бала мектепке оқуға тартылған. Панасыз балалар мен келдейлердің балаларына арналып балалар үйлері ашылды. Мыңдаған жас бөбектер пионерлер лагерлерінде дем алады. Бұл лагерлердің көпшілігі Адриат теңізінің жылы жағасына, көркем тау аңғарлары арасында орналасқан.

Албан пионерлерінің ұйымы отряд, рота және звено болып құрылған. Отряд пен ротаны — пионер штабы, ал звеноны —

командир басқарады. Штабты да командирді де пионерлердің өздері сайлайды. Оның үстіне «Албанияның халық жастары» ұйымы пионерлерге көптеген вожатыйлар жібереді. Олар албан пионерлерінің арасында түрліше қызғылықты жұмыстар жүргізеді.

Отрядтар мен роталардың, сондай-ақ звенолардың өз тулары болады. Отрядтардың көпшілігі Албанияның халық батырларының атымен аталады. Мысалы, Тирана қаласындағы ең таңдаулы пионер отрядына Кемаль Стафаның аты қойылған. Кемаль Стафа — албан астанасының көшесінде, фашистерге қарсы күресте ерлікпен қаза тапқан.


Албан пионерлері қызыл галстук тағып жүреді. Пионерлердің қайсысы болса да, сабақты отлучно оқуды үлкен аброй деп санайды. Мұны олар пионерлердің ең басты борышы деп біледі. Барлық пәннен бестік баға алған пионерлерге «отличник пионер» деген атақ беріледі.

Албанияда сегіз Пионер сарайы бар. Онда музыка, әдебиет, театр, қолөнершілер, физкультура-спорт, шахмат, тағы басқа көптеген үйірмелер жұмыс істей-

ді. Пионер сарайы қызықты ойын-сауық кештерін жиі ұйымдастырады. Оған тек балалар ғана емес, үлкендердің өзі де қатысып, құмарта көреді.

Әрбір пионер сабақтан қол бос уақытында үлкендерге қолқабыс етуге тырысады. Қалаларда арнаулы пионер отрядтары заводтар мен фабрикаларға темір сынықтары мен ескі-күскыларды жыйнап береді. Ал ауылдық жерлердегі пионерлер егіннің арам шөбін жұлады, егін жыйнау кезінде масақ тереді, ауыл арасына, көшелерге, мектеп және өз үйлері маңына ағаш отырғызады.

Албан пионерлері Совет Одағы пионерлерін өздерінің ең жақын достары деп санайды. Сондықтан олар совет пионерлерінің өмірін, оқуын және ісін үнемі бақылап отырады, олардың әрбір игілікті істері мен бастамаларынан үлгі-өнеге алады. Албан пионерлері Совет Одағы пионерлерімен үзбей хат жазысып тұрады. Бұл хаттарында олар өздерінің Совет Одағын сүйетіндігін, совет пионерлерін өздерінің ең жақын достары деп санайтындығын, бұл достықтың бұдан былай да нығая беруіне тілектес екендіктерін білдіреді.



Албания астанасы — Тирана қаласы.

ЫЗА МЕН КЕКТИҢ АҒЫНЫ

(М. Ю. Лермонтовтың туғанына 135 жыл толуына)

1837 жылы 10 февраль күні орыс халқының ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкин Дантес сұмның сұрқиялықпен атқан оғынан қаза тапты. Бұл қайғылы-хабар бүкіл орыс жүрегіп тебіренді.

Ұлы ақынның өліміне аза тұтқан халықтың сол күнгі қаралы қайғысын өзінің жалынды жырмен жеткізіп бере білген орыстың екінші ұлы ақыны Михаил Юрьевич Лермонтов болды. Ол өзінің «Ақын өліміне» деген атақты өлеңінде Пушкинді өлтіруші патша маңайындағы жеңдеттерге халық атынан қатал үкім айтты. Оларды ар-ұятты аяққа басушы, еркіндік пен ерлікті табанға таптаушы топастар деп масқаралады. Өлеңнің соңында Пушкиннің өліміне терең тебіреніп, аза тұтты, халықты ақын кегін алуға шақырды.

Лермонтовтың бұл өлеңі сол күндердің өзінде-ақ ауызша және қолжазба күйінде бүкіл Россияға таранды. Оның осы бір өлеңіне қарап, халық оны Пушкиннің орнын басатын ұлы ақын деп таныды.

Алайда патша үкметі Лермонтовты Пушкин сыяқты декабристердің туын көтерген, крепостнойлық правоны жоюды жақтаған саяси қауыпты адам деп санады. Сөйтіп оның да көзін күртуды ойлады. Патша үкметі осы мақсатпен Лермонтовты Кавказға, майдандағы армияға жөнелтті, оқ астына айдады. Ақынның бұдан кейінгі өмірі қуғын-сүргінде, абақты мен айдауда өтті. Бірақ патша қанша қатал қысым жасаса да, ол қажымады, өзінің өнімді творчестволық қызметін өрістеті берді.

Лермонтовтың көп мінезі (ақындық сезгіштігі, сөз тапқырлығы) Пушкинге ұқсас еді. Ол билеуші қауым ортасының мінін, топастығын, екіжүзділігін именбей беттеріне басатын, дворян ортасынан шыққан қуыс кеуде, өркөкірек, мансапқор жандарды барынша жеккөретін. Әрине, Лермонтовтың бұл мінезі патша үкметіне де, үстем тап өкілдеріне де ұнамайтын.

Лермонтов өзі тұстас жастарды мағналы еркін өмір сүруге, ел үшін аянбай еңбек етуге, сөйтіп өз заманының адал ұлы болып өсуге шақырды. Ол «Ой», «Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы», «Ақын», «Үш пальма», «Жалғыз жолға шықтым», «Қапжар», «Теректің сыйы», «Желкен», «Жартас» сыяқты тамаша лирикалық өлеңдер жазды. Ақын бұл өлеңдерінде еркін ойды, азат өмірді аңсады, құлдық дүниені талқан ететін дауылды, нажарайлы күнді күтті.

Ақын шығармаларында отаншылдық сарын, үстем тап өкілдеріне кекті қарсылық басым болды. Ол «Бородино» атты өлеңінде орыс халқының патриот-



тық ой-сезімін, өз Отанының арнамысы үшін қасық қаны қалғанша күрескен орыс солдаттарының ерлігін мадақтайды. Ал «Отан, «Қош бол, кірлі Россия» деген өлеңдерінде өзінің туып-өскен елі Россияға, оның азаттық сүйгіш ер халқына, газдан сұлу табиғатына зор сүйіспеншілік білдіреді. Бірақ Россияның құлдық өміріне қатты күйінеді. Сол құлдық өмірді құртатын күнді аңсайды.

Лермонтов ұсақ лирикалы өлеңдермен қатар ірі, уақығалы ұзақ поэмалар мен әңгімелер де жазды. Оның «Демон», «Кавказ тұтқышы», «Мцыри», «Измаил-бей», «Кунец Калашников туралы жыр» деген поэмалары мен «Біздің заманымыздың батыры» деген романы бұйыл

жұртшылығымызға белгілі, жастардың сүйіп оқығаны шығармасы.

Ақын бұл шығармаларында адамдардың азат өмір сүруге күресін, ержүрек тау халықтарының тұрмысын, адамдар арасындағы достық, сүйіспеншілік, махаббатты, Кавказдың бай сұлу табиғатын: биік құзды тауларын, ағынды асау өзендерін, қалың қара орманын сұлу сөздермен шебер суреттеді.

М. Ю. Лермонтов әдебиет тарихында сирек кездесетін аса талантты ақын еді. Оның бұл талантын өзімен замандас және өзінен кейінгілер де танып білді, оның ұлылығы алдында бас иді.

Бірақ патша үкметі Лермонтовтың осы ұлылығын көре алмады, ал ақынға бақталас адамдардың іштері күйді. Сондықтан да олар іштен-тыстан күш біріктіріп, қайтседе ұлы ақынды құртпақ болды. Ақыры жауыздар дегеніне жетті. 1841 жылы 27 июль күні, Пятигорск қаласының маңында, биік құзды жартақ қабағында, наған пысанасын көкке қаратып, дауылды күнге, нажарайлы үнге сүйсіне қарап тұрған ұлы ақынды арыс офицер Мартынов опасыздықпен атып салды. Ақын табанда жан тапсырды.

Ұлы ақынның өлімін естігенде, патша: «Итке ит өлімі керек» десе, үстем тап өкілдері: «Оның жолы осы» деп қуанысты.

Бірақ, ұлы орыс халқының ақын өліміне берген жауабы басқаша болды. Орыс халқы оны өз жүрегінде мәңгі сақтады, ал оның итілікті еңбектері мен езгі есімін халық аузында мәңгі жаттады. Ал кәзір тек орыс халқы ғана емес, Совет Одағының барлық халықтары Лермонтовты өз ақыным деп санайды, оның тамаша шығармаларын тамсана оқыйды.

Е. ИСМАИЛОВ,

филология ғылымдарының кандидаты.

КІТАПТЫ ҚАЛАЙ ОҚУ КЕРЕК

«Менің қолыма жаңа кітап түссе... өмірімде бір әсерлі, үні өктем, тамаша өзгеріс туғандай сезіледі» деп жазған еді Алексей Максимович Горький.

Неткен шын сөз! Кітапты жаңы сүйіп оқыттын әрбір адам Горькийдің бұл сөздерінің шындығын растай алады. Жақсы кітап—адамның сенімді досы, ақылды ұстазы. Кітап—білім бұлағы.

Біздің елімізде мектеп табалдырығын алғаш ағзағап жастап бастап, еңкейген кәріге дейін кітап оқуға құмар. Өйткені олар жаңа өмірге керекті білімді сол кітаптан алады. Сондықтан совет үкметі көптеп кітап шығаруға, еңбекшілердің білім мұқтажын өтеуге қаражат аямайды. Бұған совет өкметі тұсында елімізде 12 миллиардтай түрлі кітап шығарылғаны дәлел болады.

Сендер кітаптан елімізде Ұлы Октябрь революциясының қалай жүргізілгенін, бақытты жаңа өмір қалай орнағанын, азамат соғысы батырларының ерлікпен қалай күрескенін, совет адамдарының табиғатты бағындырып, қалай меңгеріп келе жатқанын оқығындар.

Сендер адамзат баласының данышпан көсемдері—Ленин мен Сталин жөнінде оқуды көп ұнатасындар.

Кітап сендердің барлық сұрақтарыңа толық жауап береді. Кітап сенің қолыңнан жетектегендей асау өзеннен, шексіз теңізден өткізіп, асқар таулар мен ну-ормандарды аралатады. Кітап сендерді өркендеген колхоз өмірімен, жаңа қалалармен таныстырады. Ол сендерге Ұлы Отан соғысын, халық батырларын, Совет Армиясының тамаша жеңістерін баяндайды. Еліміздің ертеңгі күні, келешегі бұдан да жарқын екенін танытады.

Сендер кітапты сүйіп оқыттын болуларың керек. Бірақ кітапты оқып білуде үлкен мән бар. Қандай кітап оқығың келеді, не жөнінде көбірек оқығың келеді. Осының бәрін анықтап, алдыңа белгілі бір мақсат қойып оқуың керек.

Кітап оқудың жемісті болуы кітапты таңдай білуге ғана емес, оқыған нәрсенің мәніне, мазмұнына түсініп, ойлап оқуға да байланысты. «Оқудың өзі ойынды... өрістетіп, оны пайдалы білімдермен байытатын болсын. Басты мәселе—әйтеуір оқуда емес, нені оқуда және оқығаныңды қалай түсінуде» дейді орыстың ұлы педагогі К. Д. Ушинский.

Білімді адам болу үшін көп оқу керек және үздіксіз, беріліп, тыянақты түрде оқу керек. Бұл үшін ой-айынан қыйынға, жеңілінен ауырға көше білу керек. Алдыңғыны үйренбейінше кейінгіге жүріруге болмайды. Бұл жөнінде көсемдеріміз Маркс, Энгельс, Ленин, Сталиннің кітапты қандайлық көп оқығаны бізге үлгі. Мысалы: Карл Маркс өзінің «Капитал» атты кітабын жазарда 1200 кітап оқыған. Ал, В. И. Ленин бір кітабын жазарда ғылымның түрлі салаларынан 235 кітап оқып шығып, пайдаланған.

Кітапты түгел оқымас бұрып онымен алдын ала танысқан жөн. Бұл үшін әуелі кітаптың басындағы алғысөзін оқыса болады. Сонда саған кітапта не айтылатыны белгілі болады.

Кітапты оқығаның деп қолға алғаннан кейін оның қыйын жерлерін тастап кетуге болмайды, өзінді табандылыққа үйретіп, соны қайтсең де ұғамын деп қыйын жерін қайталап оқуың керек. Мысалы: В. И. Ленин, Ф. Энгельстің бір кітабы жөнінде былай деп жазған: «Тағы да айтамын: бұл шығарма оқығаныңызда бірден түсінікті болмады деп қынжылмаңыз. Ешбір адам бірден ұға қояды деуге болмайды. Бұл кітапқа қызыға бастап, соңынан қайта орағаныңызда, бәрін түгел ұқпасаңыз да көбін ұғатын боласыз» деген болатын.

Бұдан түсінбеген жайларды бірнеше рет қайталап оқу қажет деген ұғым туады.

Ленин кітаптағы түсінбеген жерлерді белгілеп отыру керек, деп кеңес берген.

Әрбір кітапты оқығанда оның негізгі мазмұны, басты анықтамалары, маңызды фактылары барын естен шығармай, оларды айыра білу қажет.

Кітапты пайдаланғанда оқығанды еске қалай сақтау керек деген сұрау туады. Кейбіреулер оқып ұғамын, бірақ зейінім нашар, ұмыта беремін дейді. Бұл шындық емес. Адам табанды болса, өзі мақсат тұтса, онда зейінді өрістетуге және нығайтуға болады. Бірақ нағыз зейінді адамдардың өзі бір ғана зейінге сеніп қоймайды, оқығанда жазып алғандарына сүйенеді. Сондықтан оқығанда кітаптың керекті жерін белгілі бір дәптерге көшіріп жазып отыру есте сақтауға көмекші болады.

Оқығаныңды терең түсіну үшін ол жазып алғандарыңды бірнеше рет қайталап оқып шығу керек. Поль Лафарг өзінің есте қалғандарында Карл Маркстың өз жазып алғандарын, кітапта белгілеген жерлерін көп уақыт өткеннен кейін қайта оқығандығын айтады. Оның себебі сол қайта оқу арқылы өзінің есінде қалдыру еді. Крупская Ленин туралы тағы да былай дейді: «Оның дәптерлерінде жазып қалдырғандары өте көп... Ол жазылғанды бірнеше қайта оқығандығын, оның өзі жасаған белгілерінен, сызғандарынан көруге болады».

Кітапты жемісті түрде пайдалану—ең алдымен оқушының табандылығына, оның ойының алғырлығына кітапты белгілі жүйеге салып оқуға байланысты. Кімде-кім өзбетімен оқуға ұмтылмаса одан білімді адам шықпайды. Адам өзбетімен оқығанда кездесетін қыйыншылықтар—жеңуге болатын қыйыншылықтар. «Ғылым, техникалық тәжірибе, білім—осының бәрі де жүре пайда болатын нәрсе, — деп үйретеді Сталин жолдас. — Шындан талаптанғанда, қол жетпейтін нысанға, жеңбейтін қыйыншылық болмайды».

М. ӘБЖАНОВ

МЕКТЕПТІҢ Спорт Алаңында

ҚУРАЙ МЕН ТҮБІР «ПАТШАЛЫҒЫНА» ШАБУЫЛ

Біз 25-ербалалар орта мектебінің ауласындамыз.

— Спорт алаңы сіздерде бұрын болып па еді? Мұның бәрін осындай тамаша етіп, оқушыларға жасап берген кім? — деген сұраққа:

— Жоқ, — дейді Сергей Филиппович, — бұрын мұндай алаң бізде болған емес. Ал, мұны жасаған мектеп оқушыларының өздері. Дұрысын айтсақ, осы алаңның жасалуына Москва қаласындағы 545-мектеп оқушыларының үндеуі көпе-көрнеу себеп болды. Әйтпесе, бұл жерде бұрын ұзын-ұзын қурайлар өсіп тұратын еді. Балалар сол қурайлардың арасына еніп жасырып-бақ ойнаумен ғана бос уақтын өткізетін. Енді қараңыз, бұл жерді бұрын қурай «патшалығы» ғана иемденген екен деген ой басыңызға да келмейді; спорт алаңы баяғыдан бар сыяқты болып көрінеді.

— Бұл жерге шабуыл жасап, оны қурай «патшалығынан» тартып алған, оқушылардың игілігіне айналдырған мектебіміздегі физкультура оқытушысы Асхад Бакирович Хасанов пен комсомолецтер, пионерлер. Бұл алаңның жасалу даңқына солар ие.

Бұл пікірді мектеп директоры Сергей Филиппович Поляковтан басқа мектептегі комсомол ұйымының секретары Юлиан Андрианов толығырақ етіп баяндады.

Бұрын да біз спорт алаңын жасауды арман ететін біз. Бірақ, бізге қурай «патшалығын» құрту сонша қыйыншылыққа түсетін, тіпті алынбайтын қамал сыяқты болып көріне беретін еді. «Пионерская правдаға» 545-мектеп балаларының үндеуі шыққан күні Сергей Филиппович аға пионер вожатыйы мен мені өз кабинетіне шақырды. Үндеу шыққан газетті көрсетті де, ол бізге:

— Шабуылға дайындалыңдар! — деді. Сергей Филипповичтің бұл іске әбден берілгендігі бірден-ақ байқалды. Ол біздің:

— Сергей Филиппович, жалғыз қурай ғана емес, онда сарайып шығып тұрған, жуан-жуан 27 ағаштың түбірі бар. Оны қайтеміз — деген сұрауымызға іле жауап берді.

— Жеңеміз! «Көз қорқақ, қол батыр» жолдастар. Жеңеміз! Оны қалай жеңу туралы партия ұйымының секретары Асхад Бакирович екеуміздің берік жоспарымыз бар. Сендер бұл шабуылға комсомолецтер мен пионерлеріңді әзірлеңдер.

Айтылған күні жұмыс басталды.

Спорт алаңын жасау мектептің көптен бергі арманы еді. Бұл күні сол арманның ұшығына жеткендей болған жұрт, бар ынтасын салып қатты қыймылдады. Әсресе, пионерлер шаршағандарын елейтін емес, қурайларды қырқып, ағаш түбірінің орнында қалған шұңқырға салып өртейді де, шұңқырды топырақпен тегістейді. Самсып тұрған қурай сағат сайын азайып, құрылысшылардан қорыққандай топтанып, шоқтана түседі.

Сағат сайын горн даусымен құрылысшыларға тыныс беріліп отырған еді. Сергей Филипповичты көрдіңіз ғой. толық кісі. Үшінші тыныс кезінде өнебойын тер жауып кеткен Сергей Филиппович балалардың ортасына келді.

— Жаман емес, — деді ол терін сүртіп жатып, — екі түбірді жеңдік. Сергей Филипповичтің қатты терлегенін көрген оқушының бірі:

— Сергей Филиппович, мұғалімдер жұмыс істемесе де болмайтын ба еді, біз өзіміз де көппіз ғой, — деді.

Жалғыз ол оқушы емес, балалардың бәрі де осы пікірде еді.

— Оның дұрыс емес, Филатов, — деді директор қабағын шытып. Директордың көңілді жүзі лезде томсара қалды. — Біз, мұғалімдер көп болса бір күн терлерміз. Бес күн ішінде алаңды жабдықтап, ретке келтіріп алу — тек оқушылар үшін емес, мұғалімдер үшін де үлкен жеңіс.

Алаңға ең алдымен гимнастика қалашығы орнады. Одан кейін кедергі алаңы жасалды. Волейбол, баскетбол алаңдары, турник, биіктен және ұзындықтан секіретін орындары бұлардан соң іркес-тіркес жасала берді. Алаңда бұл спорт жабдықтарының түр-түрінің бірінен соң бірінің пайда болуы құрылысшылардың жігерін күн санап арттыра түсті.

Бесінші күні спорт алаңымыз дайын болды. Бұл күндері құрылысшылардан шаршап, денелері ауырмай-ғаң ешкім болған жоқ шығар. Алайда осалдық білдірген жоқ. Сөйтіп қурайлар мен түбірлер «патшалығына» шабуылды аяқтап, олардың орнына спорт алаңын біз осылай жасадық. Ол күндер «Қурайлар мен түбірлер патшалығына шабуыл» деген атпен біздің бәріміздің де есімізде сақталып қалды. Бұл шабуыл бізге ұйымдасып кіріссе ойға алған істің орындалмай қалмайтындығын, жеңілмейтін қыйындықтың жоқ екендігін көрсетті.

— Біздің спорт алаңының тарихы осындай! — деп бітірді әңгімесін Юлиан. Спорт алаңының бұл тарихын ол ерекше шабытпен, қуана отырып айтады. — Мұндай спорт алаңдарын барлық мектептердің жанында жасап алуға болады, — дейді ол.

ОТРЯД АБРОЙЫ ҮШІН

Біз алаңнан мектеп залына енгенімізде, сабақтан шығуға қоңырау соғылып жатыр екен. Қласс-кластан балалар залға шығысымен-ақ мектеп радиосының хабары басталды.

— Тыңданыңдар, балалар! Сөйлеп тұрған 25-мектептің радио бөлмесі. Мектептегі спорт жаңалықтарын хабарлаймыз.

— Кеше, 28-мектептің ауласында 18-және 28-мектептердің волейболшылары мен біздің мектептің волейболшыларының жолдастық кездесуі болып өтті. Ең алдымен 18-мектеп пен біздің мектептің командалары кездесіп, нәтижесі екі де ноль болып, біздің мектептің волейболшылары ұтып шықты... 28-мектеп пен біздің мектеп волейболшылары арасында қатты тартыс болды. Қысылшаң минутта Юрий (Волков жерге 20 сантиметр қалған допты өте шеберлікпен жерге түсірмей жоғары көтерді. Бұл ойынның тағдырын шешті. Ойын үш те бір болып біздің мектеп волейболшыларының пайдасына шешілді... Кәзір мектептің спорт алаңында 7 «А» мен 7 «Б» кластары пионерлерінің отрядта спорт абройын жоғары ұстау үшін, волейбол жарысы өткізіледі.

Біз алаңға қайта шықтық. Волейбол алаңындағы ұзын-ұзын төрт орындыққа да балалар қаз-қатар тізіліп отыр. Гордың екі жағында, екі отрядтың пионерлері алты-алтыдан іріктеліп, төрешінің командасын күтіп

тұрғаны байқалды. Аға пионер вожатыйы Мария Ризванованың:

— Бүгін қай жеңген отряд «волейболшы отряд» деген атаққа ие болады. — деген сөзін ғана естіп қалдық. Аға вожатыйы сөзін бітірісімен-ақ төрешінің ысқырығы шықты. Екі отряд жарысқа түсті. Доп екі жаққа кезек алмасып келеді. Екі жақтың есебі де қарайлас. Өз отрядының ойнаушылары екінші жаққа доп түсірсе, ол отрядтың ойнынан тыс отырған пионерлері қолдарын шапалақтап, қызу құрмет көрсетеді.

— Ур, Пикай, — деді орындықта отырған қызыл галстукті пионер орнынан допша атылып тұрып, қолың жерге қарай сермеп қалып. Ол ортада тұрған Степа Пикайдың алдына доптың келіп қалғанын көрген еді. Степа отрядтағы допты ең бірінші кескіштің өзі болатын. Степаның өзі де осы минутты аңдығандай екен, пружинаша атылып жоғары секірді де, көз ілестірмей алдына келген допты пәрменімен урып, қарсы жаққа түсірді. Алақандар шарт-шұрт соғылып қалды.

— Жарайсың, Пикай!... — десіп шуылдасып жатыр көрушілер.

— Бұл ойында 7 «А» класындағы отряд жеңді. «Волейболшы отряд» атағы соларға берілді. Жеңілген отряд балалары төмендеп қалған. Ойынның сыртында отырғандар ойнаушыларына наразылық айтып жатыр.

— Игорь, Пикай жоғары секіре бергенде, сен кеп секіріп доптың алдынан қолыңды тоса алмадың, — дейді олардың бірі.

— Пикай ұрғанда, оның добын кім ұстай алатын еді, — дейді Игорь кінәлі пішінмен, — Асхад Бакировичтің өзі әнеу күні Пикайды мектептегі ең үздік волейболшы демеп пе еді...

— Алайда, біздің отряд өзінің спорт абройын жоғары көтеру үшін күресуі керек. Ендігі міндет сол! — деп отряд вожатыйы Сидоренко Владислав оқушыларды үйлеріне қайтарды.

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ӘЗІРЛІГІ

Біз физкультура сабағының мұғалімі Хасановты сұрағанымызда:

— Асхад Бакирович спортшыларын жарысқа дайындап жатыр, — деген еді мектеп директоры Сергей Филиппович. Отряд жарысы біткен соң біз Асхад Бакировичке келдік. Ол биіктіктен және ұзындықтан секретін алаңның басында бір топ оқушыны секіруге жаттықтырып жүр екен.

— Қәне, Семушкин, енді бір секіріп көрші, қанша қостың екен? — деді ол талдырмаш келген ұзын бойлы, жұқа сары балаға қарап.

Владислав Семушкин пәрменінше жүгіріп кеп алға қарай ырғып түсті. Қанша екпінмен ұзаққа секірсе де ол дік еткен күйі пружинаша серпіліп ілгері жүріп кетті.

— Дұрыс! — деді мұғалім айызы қанғандай, — дене ұстауың да тамаша шықты.

Рулетке салып өлшегенде, Семушкиннің секірген жерінің ұзындығы тура 5,5 метр болды. Бұдан кейін секірген X класс оқушысы Тарелкин Станислав 5,4

метр жерге қарғып түсті. Бірақ, биіктіктен Тарелкин 1,5 метрге, Семушкин 1,45 метрге секірді.

— Әзірше жарайды, — деді мұғалім, — жарыс өткенше әлі оншақты күн бар, оған дейін тағы да қосасындар ғой...

Бұдан кейін Асхад Бакирович спортшыларға тыныс берді де, өзі бізге бұрылды.

Ол бізге, ең алдымен, сентябрьдің 25-де мектеп оқушыларының қалалық жарысы өтетіндігін айтып, сол жарысқа өзінің 225 оқушы дайындап жатқанын білдірді. — Мына балалар солардың бір тобы. — Осы сөзді айтып өзінің төрешілік ысқырығымен ысқырып қалып еді, басқа алаңда баскетбол ойнап жүрген бір топ бала мұғалімге қарай жүгірді. — Бұлар гранат лақтырушылар, — деді Асхад Бакирович.

— Сембаев, лақтыр! — деді мұғалім.

Орта бойлы, шымыр денелі, қараторы бала граната лақтырды. Гранатасы зулап барып бұрқ ете қалды.

— 52 метр! — деп хабарлады оны өлшеп келген Асхад Бакирович.

Біз Асхад Бакировичпен кеңірек сөйлесетін уақыт таба алмадық. Оның спортшыларын жарысқа әзірлеу, кезекті физкультура сабағын өткізуден босайтын уақыты жоқ еді. Тек үзіміс кезінде ғана үзіп-жұлып сөйлестік Асхад Бакирович бізге мыналарды ғана айтып үлгерді.

— Москва қаласындағы 545-мектептің үлгісімен жазда біз мектебіміздің жанынан спорт клубын ұйымдастырып едік, — деді ол. — Мектепте спорт жұмысын ойдағыдай жүргізуімізге мүмкіндік берді. Қазір мектебімізде бірнеше спорт секциясы жұмыс істейді. Олар: футбол, гимнастика, волейбол, сайысшылар және баскетбол секциялары. Гимнастика секциясын ССР Одағының спорт шебері В. Ряхшин басқарады. Осы секцияның 200 мүшесі жазғы каникул кезінде түрлі значектерге норма тапсырды. Бұл секцияға қатынасушы 15 спортшының спорт разрядтары бар. Оқушы Костя Шешминцев, Валерий Филатов, Юрий Волков, Анатолий Алхин, Фатих Насыровтар екінші разрядты спортшылар болып есептеледі. Сол сыяқты мектебіміздегі сайысшылар секциясын «Динамо» қоғамы республикалық советі әскери-спорт бөлімінің меңгерушісі Н. Зайцев басқарады. Бұл секцияға 28 оқушы қатысады. Олардың 18-үшінші разрядты сайысшылар. Жеңіл атлетшілер секциясын республика чемпионы Е. Макеенко басқарады. Бұл секцияның да өз рекордшылары мен разрядшылары бар. Оқушы В. Семушкин, В. Тарелкин, М. Гаммерман, ұзындықтан секіруден, В. Чернов пен В. Тарелкин биіктіктен секіруден, Д. Сембаев граната лақтырудан мектеп чемпиондары болып саналады.

Мектебіміздің барлық пионерлері жазғы каникул кезінде БГТО значегіне тегіс норма тапсырды.

— Мінеки, мектебіміздің жанындағы спорт клубының жұмыстары осындай. Клубтың жұмысын біз бұдан былай да ұлғайта береміз. Оқушыларымызды коммунистік қоғам орнатудың, Отан қорғаудың күшті, берік азаматтары етіп тәрбиелеу үшін бар күш-жігерімізді жұмсап, спорт жұмысын жоғары дәрежеге көтере береміз!

Ә. НҮРШАИХОВ,

Алматы қаласы, 25-ербалалар орта мектебі.





Біздің

пошта



Пионер — барлық балаға үлгі

бұл кемшіліктерді тезірек жоюдың шараларын қарастырады. Осы мақсатпен дружина советі «Сабаққа қалай дайындалу керек?», «Уақытты дұрыс пайдалана біл!», «Өткен материалдарды қалай қайталау керек!» және лағы басқа сондай тақырыптарға бірнеше жыйындар өткізді.

Дружина советі оқу ісін жақсарту шараларын жүргізумен қатар, пионер ұйымының жұмысын да жақсы жолға қоя білді. Әсіресе пионер активін оқыту ісі барынша жақсарды. Оларға арналып «Отряд және звено жыйындары қалай өткізіледі?», «Жұмыс жоспары қалай жасалады?» деген тақырыптарда жыйындар өткізілді.

Пионер — комсомолдың жеткіншегі. Әрбір пионер комсомол қатарына кіруді арман етеді. БЛКЖО-ның ХХХ жылдық мерекесіне арналған салтанатты жыйында таңдаулы төрт пионердің комсомол қатарына өтуіне кепілдемө берілді. Олар: Рая Ткачева, Хихличева, Қалмыкова, Косенко. Бұлар өздері тәрбиеленіп өскен пионер ұйымының абройына кір келтірмеді. Кәзір олар біздің мектебіміздегі ең таңдаулы комсомолецтердің бірі болып саналады. Әрқайсысы бір-бір қоғамдық жұмысты атқарады. Мысалы: Рая Ткачева — дружина советінің председателі, Қалмыкова — комитет мүшесі, Косенко — мектеп қабырға газеті редколлегиясының мүшесі, Хихличева — өз класында ұйымдастыру жұмысын жүргізеді. Бұлар бұрын таңдаулы пионерлер болса, енді таңдаулы комсомолецтер болып алды.

Мектебіміздің оқушылары мен

пионерлері жазғы дем алысты да көңілді өткізді. Оқытушы Дукувананың басқаруымен 30 шақты пионер қала сыртына саяқатқа шықты. Олар 1887 жылғы жер сілкінуі кезінде апатқа ұшыраған жерлерді көріп қайтты. Мұнымен қатар олар мектепке өсімдіктер мен жәндіктердің түрлерінен көптеген гербарий әкелді, саяқат кездерінде көргендерін суретке түсіріп, олардан қызықты альбом жасады.

Кәзір мектебіміздің барлық пионерлері мен оқушылары класқа қайта келіп, партаға қайта отырды. Оқу жылының алғашқы күндерінен бастап-ақ олар сабақты жақсы оқуды, тәртіпті берік сақтауды, көпшілік-қоғам жұмыстарын жақсы жүргізуді қызу қолға алды. Пионер вожатыйларының, жаңадан сайлаған дружина, отряд советтерінің басшылығымен олар көптеген қызықты жыйындар өткізді. Соның нәтижесінде класс журналдарында алғашқы бестік бағалар да пайда бола бастады.

Жуырда мектебімізде дружина отряд советтері мен звено вожатыйларын сайлау болып өтті. Бұл сайлауда ең таңдаулы пионерлер советтерге мүше болып сайланды. Жаңадан сайлаған советтер өздерінің іс жоспарларын жасап алды. Мектебіміздегі пионер ұйымының жұмысы сол жоспар бойынша жүргізіледі. Жоспардың іске асуына пионерлер барлық күш-жігерін салады. Өйткені олар — барлық балаға үлгі.

Л. ТИМОФЕЕВА,

Алматы қаласы, 54-қызбалалар мектебінің жанындағы бастауыш комсомол ұйымының секретары, БЛКЖО ХІ съезінің делегаты.

Пионер — барлық балаға үлгі! Бұл төрт сөзді әрбір пионер жатқа біледі және оны әрқашан да есінде сақтайды. Бұл сөз пионерлерді сабақты өте жақсы оқуға, барлық жерде саналы тәртіпті төмірдей берік сақтауға, мектептің көпшілік-қоғам жұмысы мен үйірмелер ісіне белсене қатысуға шақырады.

Біздің мектептің пионерлері де, осы төрт сөзді естерінде берік ұстайды. Олар әрқашан да алда болуға, оқуда, еңбекте, қоғам жұмысында-барлық істе басқа балаға үлгі болуға тырысты.

Оның үстіне мектебіміздің пионер дружинасы Совет Одағының Батыры Лиза Чайкинаның есімімен аталады. Бұл ардақты атқа кір келтірмеу үшін пионерлеріміз көптеген іс істеді.

Мектеп оқушылары мен пионерлердің басты міндеті — ОҚУ. Сондықтан олар өздерінің бойындағы күш-жігерін оқу үлгеруі сапасын көтеруге жұмсады.

Біздің оқу отличниктері-пионерлер Холина, Ұлымбекова, Ходзько, Щербаква, Зыковалар өздері сабақты өте жақсы оқумен қатар, парталас достарына үнемі жолдастық көмектерін көрсетіп отырады.

Дружина советі сабақ үлгермеушілерге қарсы үздіксіз күрес жүргізеді. Оларды өздерінің отырысына жиі шақырып, сабақ үлгермеушілік себептерін талқылайды. Мүмкіншілігіне қарай

Звеноның жаңа вожатыйы



Пионер бөлмесі. Бүгін 3-звено пионерлері соған жыйналған. Бәрі де звено вожатыйының есебін тыңдауға асығуда.

3-звено вожатыйы Люба Калининна звено жыйынын ашты. Ол звено пионерлері алдында өзінің бір жыл ішінде істеген жұмыстары жөнінде есеп берді.

Бұл өткен бір жылдың ішінде звено жұмысы едәуір жақсарған. Звено жыйыны әрқашанда уақытында және қызығалықты етіп отырған. Звенода тапсырма алмаған бірде-бір пионер болмаған. Олар өздеріне берілген тапсырманы әрдайым ойдағыдай орындап отырған. Люба пионерлерге сабақ соңынан: «Тарап кеткендер!» деп хабарласа болғаны,

пионерлер одан бір жаңалықты күтеді. Өйткені, Люба звено пионерлерімен бір қызықты жұмыс жүргізуді ойласа, оны алдымен пионерлердің қалауына салуға әдеттенген.

3-звено пионерлері ұйымдасып, қызықты кинолар көрген. Совет жазушыларының соңғы жылдардағы тамаша көркем шығармаларын оқып, талқылаған. Жазушы А. Фадеевтың «Жас гвардия» романы мен жазушы В. Губаревтің «Павлик Морозов» атты кітабын звено пионерлері түгел оқып шыққаннан кейін, сол кітаптар жөнінде өз-ара пікір алысқан.

3-звено пионерлерінің сабақты жақсы оқуы қатты қадағаланған. Үйге берілген тапсырмаларды мұқият орындап келіп отыруға, бірде-бір сабақты бос жібермеуге, мұғалімнің класта түсіндіргендерін, оқу кұралдарын толық пайдалануға звено пионерлері өте ұқыпты қарайтын болған. Мұны Люба әрбір пионерден қатты талап етіп отырған.

Звено пионерлерінің жұмысы жайында Люба Калининна толық баяндап шыққаннан кейін, пионерлер жаңа звено вожатыйын сайлауға кірісті. Звено пионерлері Люба Калининна звено жұмысын жақсы жүргізді, деп тапты. Сондықтан олар оны отряд советінің председателдігіне ұсынуды ұйғарды. Ал звено вожатыйы етіп пионерка Фрида Преображенскаяны сайлауға келісті. Өйткені Фрида Преображенская-звенодағы үлгілі пионердің бірі. Ол сабақты да отлучно оқиды. Звено жұмысын жақсы жүргізуге де шамасы келеді. Ол іскер, ұқыпты, пионерлер арасында абыройлы. Жыйын соңында пионерлер звеноның жаңа вожатыйы етіп, пионерка Фрида Преображенскаяны сайлады.

Фрида звено пионерлерімен бірге ақылдасып, звеноның жұмыс жоспарын жасап алды. Пионерлер звенода көптеген қызықты жұмыстар жүргізуге ұйғарысты. Олар ең алдымен звено пионерлерінің жақсы оқуын көздеп, өз класының абыройы үшін күресуге жұмылды.

Аға пионер вожатый

Клава ПЕТРОВА,

Семей қаласы, 18-орта мектеп.

Біздің әзірлігіміз

Быйыл 21 декабрьде бүкіл совет халқының көсемі және совет балаларының жақын досы И. В. Сталин жолдастың туғанына 70 жыл толады. Бұл күн-біздің сіміз үшін, дүние жүзінің еңбекшілері үшін ең қуанышты мереке.

Сондықтан біздің мектептің оқушылары мен пионерлері бұл қуанышты күнге осы бастан әзірленуде. Көзірдің өзінде отрядтарда Сталин жолдастың өмір



баянына байланысты түрлі суреттерден альбомдар жасап жатырмыз.

Сталин жолдастың өмірбаяны бойынша «Сталин жолдастың ба-

лалық шағы», «Ұлы революционер», «Ленин мен Сталин жолдастың достығы», және тағы басқа тақырыптар бойынша отрядтарда әңгімелер өткізілмекші. Отрядтарда Сталин жолдастың мерекесіне арналған арнаулы қабырға газеттері шығарылмақшы.

Декабрь айында ұлы мерекеге арналған дружинаның салтанатты жыйыны өткізіледі.

Аға пионер вожатый
Қали САПАРБАЕВ,

Баскөлсең поселкасы,

Абай атындағы қазақ орта мектебі.



«Жоспарсыз жұмыс жемісті болмайды» дейді біздің аға вожатый. Біздің 4-отрядтың жаңа сайланған советі де істі өзі отрядтың жұмыс жоспарын жасауда бастады. Өйткені жақсы жасалған жоспар жұмыстың жемісті болуына зор әсер етеді.

Отрядтың жұмыс жоспарын жасар алдында оқытушылардан кеңес тө алдық, жекелеген пионерлердің тілектерін де сұрадық. Өйткені «кеңесін пішкен топ қелте болмас» деген ғой.

Отрядтың жұмыс жоспары

Жұмыс жоспарын жасауда, әсіресе, көп көмек көрсеткен пионер вожатый Аблай ағай болды. Ол отрядтың жұмыс жоспарына балаларға пайдалы істерді ғана енгізу керек екендігін айтты. Сөйтіп оқытушының кеңесін, пионер вожатыйының ақылын, пионерлердің тілектерін еске ала отырып, отрядтың жұмыс жоспарын жасадық. Біздің жаңа жұмыс жоспарымыз бойынша біртөп пионерлер ұлы Октябрь мерекесіне дейін фото-монтаж ұйымдастырады, қабырға газетін шығарады, пионер бөлмесін жабдықтайды. Егізбаев Ермек басқаратын жас өнерпаздар ой-

ын-сауық кешін өткізуге әзірленеді. Ал қыздар тобы Елеусінованың басқаруымен мерекеге арнап турлі кестелер, оюлар дайындайды.

Біздің отрядтың жұмыс жоспары үлкен. Басты мақсатымыз — ұлы мерекені өте жақсы, жақсы оқумен қарсы алу, сөйтіп, 7 ноябрьде болатын дружианың салтанатты жыйынында табыстарымыз бен жетістіктерімізді айтып, мақтана рапорт беру.

Біз бұл мақсаттарымызды орындаймыз. Өйткені пионерлердің сөзі әрқашан да істеріңе сай.

Отряд советінің председатели
Рауиль БАЯЗИТОВ,
Қызылорда қаласы, субөгеті
кұрылысы жанындағы
жетіжылдық мектеп.

КЛАСТА



Киров бастауыш мектебі (Жамбыл ауданы) 1-класының оқушылары (солдан оңға қарай):
Камила Көккөзова, Рақат Зәйткенова және мұғалім А. Мустабаев.

Мен не үйрендім

Быйыл мен 2 класта оқымын. Бытырғыға қарағанда, мен екінші бір биік төбенің басына шыққандаймын. Маған бір үлкен кісі:

— Қарағым, адамның білім алуы кінкентай бұлақтардың бір шұңқырға құйып, көл жасағаны тәрізді, адам күнге-күнге алған білімін аңғара қоймайды. Абайлап аңғарсаң, бір күні жағасы жайлау үлкен көлдің орнағанын көресің деп еді, мен өткен жылы ең алғаш мектепке келгенімде.

Мен бірінші класты отлично деген бағалармен аяқтап, үйге келгенде алаш менен:

— Екі айда не үйрендің? — деп сұрады.

— Көбейту кестесін жатқа білемін. Кәне, қай санды қай санға көбейтейін? Мысалы 9ды 5ке көбейтсек 45 болады. 20ға шейінгі санда төрт амалды жақсы қолдана аламын. Ана тілінен хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің ережелерін үйрендім. Заттың жекеше, көпше түрлері болатындығын білемін.

Көзір бұрынғыдан әдемірек жазамын.

Алман НҰРЫМОВ,
Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Киров бастауыш мектебі.

СУ ӨШЕЙТІН ҚАҒАЗ

Қағаздан жасалған ботинка күйі, су кенін жүруге болар ма еді. Болады.

Қағаздың бұл жаңа, әдеттегісінен әлдеқайда берік түрін шығарудың әдісін совет инженерлері Димитриев пен Бондаренко ойлап тапты. Бұл екеуінің тәжірибе лабораториясында осы тағам қағаздан шығарылған берік, жасанды былғарыны, мебель тысталатын әдемі материалдарды, кілемдерді, үлкен перделерді, және тағы басқа тамаша бұйымдарды көруге болады.

Бұл қағаз шығарылатын шикі зат—ұзын талшықты мақта. Бұл мақта, жалпы мақта-мата кездемелерін шығарғандағыдай, елеулі бірнеше әзірлік операциялардан өтеді: ең алдымен шыйыршықталып оралады да,

оның ұзын талшықтары машинада түтіледі. Бұдан соң түтілген талшықтан жалпақ, түбітті полотно пайда болып, машинада ені зор, жұқа және ұзын, үзілмейтін лента шығады. Тоқыма өндірісінің технологиясы осымен аяқталады. Бұдан әрі әлсіз шығарылған «түбір» кәдімгі қағаз сыяқты өңделеді.

Ұзын талшықты қағаз шығару үшін инженерлер қағаз жасайтын машинаның жаңа түрін ойлап тапты. Бұл машинада түтілген мақта лентасына әуелі ерекше желім сіндіріледі де, одан кентіріледі, сонымен бірге үлкен қысым арқылы тығыздалады. Бұл жағдайда мақтаның талшықтары тұтасып бірігіп кетеді — қағаз әрі жұқа, берік және жұмсақ болып шығады.

МЕТАЛДЫ ЭЛЕКТРМЕН ӨНДЕУ

Біздің өнеркәсібімізге металдарды электрмен өндеудің жаңа әдісі ойдағыдай енгізілуде.

Машиналардың, станоктардың, дәл өлшеуін аспап-саймандары моторларының және тағы басқалардың көптеген бөлшектерінің беті өте жақсы өңделіп, жалтырап тұруы керек. Соңғы уақыттарға дейін металл арнаулы станокта механикалық әдіспен өңделетін. Бұл әдісті қолдана отырып та, совет шеберлері зор табыстарға жетті. Механикалық әдіспен өңделген бөлшекті микроскоппен қарасақ, оның бетінің ұсақ бедерлі екенін көреміз.

Жаңа әдісті қолдағанда бұл бедердің бәрі электр тогы арқылы жойылады. Бұл былай істелінеді:

Металл бұйымы немесе бірнеше металл бұйымы ішінде электр тогін жақсы өткізетін арнаулы сұйық зат (электродит)

бар ваннаға салынады. Ваннаға металл бұйымы тұрақты токтың ең таңбалы полюсімен ұштастырылады. Токтың теріс таңбалы полюсі ваннаға батырылған металл табағына жалғанады.

Ток жіберілген соң, бұйымның беті электродитпен химиялық әдіспен өңделе бастайды. Оның үстіңгі жұқа бедерлі қабаты бұзыла бастайды. Мұнда алдымен бедерлер жойылады. Өйткені оларға ток көбірек барады. Бұйымның беті біртіндеп тегістеледі, артынан теп-тегіс жылтыр болып шығады.

Металды электрмен өңдеу затың сапасын бірнеше есе жақсартады. Мәселен, электрмен өңделген аспап кәдімгі механикалық әдіспен өңделген аспаптан 1,5—2 есе ұзақ уақыт жұмыс істейді.

ҮШ ӨЛЕН

ЖАС ШАХТЕР

Тақпақ-өлең

Келіңдер, жолдастар, ән шырқайық,
Жырламас қандай жан көмірді?
Өмір тұр біздерге құшақ жайып,
Көгерген көктемдей көңілді.
Кел кәне, жас шахтер,
Білекті түрейік!
Қажырлы қайратпен
Көмірді күрейік!
Гудоктың айқайы жар салып,
Еңбектің дабылын қаққанда,
Дабылын ер шахтер қарсы алып,
Шахтаға аттанбай жатқан ба!
Кел, шахтер, лаваға—
Сап құрып кірейік!
Көмірді науаға
Толтыра күрейік!
Жүректе жігер бар, жалын бар,
Тосқауыл бөгетті бұзатын.
Бұйрығын ұлы Отан орындар
Біз, жастар, шын дуда озатын.
Кел, достар, келіңдер,
Лаваға кірейік!
Қопарып, қотарып,
Көмірді күрейік!

Қ. МҰҚЫШҰЛЫ.

ОРЫС ТІЛІ

Қанша алса, қызғанбайтын адамзат-
тан,
Суындай дарияның толқып жатқан.
Ариасы ортаймайтын орыс тілі,
Ынтыға құмарттым мен саған жас-
тан.

Қуанам оқығанда өлеңіңді.
Түсіндім сонда сенің тереңіңді.
Бойласам, бойға қуат кіре берер
Тапқандай көп іздеген кереміңді.
Оқыймын сені білсем Лениңді.
Табамын өміріме тірегіңді.
Сөзіңнің асылынан түсіндім мен
Әлемнің барлық тілін білерімді.
Ж. ӨМІРБЕКОВ.

«МОСКВИЧ»

Зәредей аймаған бойда күшін,
Айбынды ұран тастап астық үшін,
Бригадир егін жайып жүрді аралап,
Жүйткітіп сыйлыққа алған «Моск-
вичін».



Барады ол,
Көңілі өсіп,
Күндей шалқып,
Несі оның,
Қараңызшы,
Сенен артық!
Көлемді көп еңбектің рақаты бар,
Еңбек ет сен де, жолдас, соған тар-
тып!

А. ШАМКЕНОВ.

КРОССВОРД

Көлденең оқығанда:

1. Қазақ ақынының аты.
4. 1916 жылғы көтерілісті жырлаған ақын.
6. Жоба.
9. «Тарас Бульба» повестінің кейіпкері.
10. Сұлтан-Махмұттың романының бас кейіпкері.
11. Жас гвардияшы.
12. Пьесадағы автордың түсінігі.
14. Украинадағы облыс орталығы.
15. Табиғат құбылысы.
16. РСФСР-дағы облыс орталығы.
20. Жөндік.
24. Радионы ойлап табушы.
25. Қару.
26. Астық.




Тік оқығанда:

1. Алманың түрі.
2. Адам мінезінің бір түрі.
3. Орыстың ұлы суретшісі.
4. Матаның бір түрі.
5. Көркемөнер мекемесі.
6. Әуез.
7. Қен.
8. Матаның бір түрі.
13. «Екі капитан» романының авторы.
16. Су бойындағы құрылыс.
17. Балтық жағасындағы порт.
18. Өзбек ақыны.
19. Жер аты.
20. Ойпаттың аты.
21. Қластағы оқу.
22. Тілек.
23. Үй бұйымы.

Жасаған Н. Баймұратова.

ТОҒЫЗ САН




Мына суретте көрсетілген тоғыз кішкене шеңберге 1-ден 9-ға дейінгі санды орналастырындар. Сонда суреттегі төрт үлкен шеңбердің әрқайсысының бойындағы төрт санның қосындысы 18-ге тең болсын.

Есепті жасаған А. Хаскин, Москва.

ОН АСТАНА

Мына суреттегі шаршыларға тиісті әріптерді орналастырындар. Сонда оларға «А» әрпін қосып оқығанда, ССР Одағындағы он одақтас республиканың астаналарының аты шығатын болсын.

Жіберген М. Ауленсова, Алматы.



ЖАУАП

«Пионер» журналының 1949 жылғы 8-санында басылған шарадалар мен омоним сөздердің шешуі.

1. «Абай» романы.
3. Жүз.
2. Азот газы.
4. Бас.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: О. Қалиев (Аягөз станциясы), А. Тайшымов, Ә. Қондыбаев және О. Сейтенов (Ақтөбе облысы. Ырғыз ауданы).

МАЗМУНЫ

Қ. Жармағамбетов — Ескерткіш (баллада)	1
М. Иманжанов — Ауыл мұғалімі (повесть, жалғасы)	2
М. Баяндин — Алтын астық-ел күші (очерк)	5
Б. Соқпақбаев — Тышқан мен қандала (мысал-өлең)	7
М. Әлімбаев — Отряд ұнатқан ойын (көңілді әңгіме)	8
А. Хангелдин — Қара шолақ (әңгіме)	9
С. Құнанбаев — Жастар бейбітшілікті жақтайды	10
Х. Жұмалиев — М. В. Ломоносов — орыс ғылымының атасы	12
Юрий Смирнов	13
С. Бақбергенов — Бөбектер тойы	14
Албания пионерлері	15
Е. Исмаилов — Ыза мен кектің ақыны	16
М. Әбжанов — Кітапты қалай оқу керек	17
Ә. Нұршаихов — Мектептің спорт алаңы	18
Біздің почта.	20
Ғылым мен техника жаңалықтары	23
Үш өлең	23
Демалыс сағаттарында	24
И. Алпысов пен З. Қабдолов — Жастар маршы (ән) мұқабаның III беті.	

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған К. Баранов.

Редколлегия мүшелері:
Т. Абдрахманов (жауапты редактор) К. Айманов, К. Баранов, Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, М. Нұртазин, Ә. Сәрсенбаев.
Тех. редактор М. Н. Юровский.

Редакцияның адресі:
г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 22/X 1949 г.
УГО6397. Объем 3 п.л. Тираж 10.000

Гостипогафия № 3 Казполиграфие-дата при Совете Министров КазССР
г. Алма-Ата Заказ № 860

ЖАСТАР МАРШЫ

Музыкасын жазған И. АЛТЫСОВ.

Сөзін жазған З. ҚАБДОЛОВ

МАРШ ЕКІНІМЕН

С - та - лин - дік ға - сыр - дың, жаз - кү - нін - дей жай - на - ған, жас - та - ры - мыз.

жа - лың ат - қан, бой - да жі - гер қай - на - ған. Эй, — за - ман - дас,

жас жол - дас, біз ал - мас, бұ - зыл - мас қа - мал жоқ, сап - қа тұр, ал - ға бас!

Сталиндік ғасырдың,
Жаз күндей жайнаған.
Жастарымыз жалын атқан,
Бойда жігер қайнаған.

Қайырмасы:

Эй, замандас,
Жас жолдас,
Біз алмас, бұзылмас қамал жоқ,
Сапка тұр, алға бас!

Бейбіт күнде еңбектің —
Ерлеріміз қаһарман.

Ел басына катер төнсе,
Қалың қолмыз жасанған.

Қайырмасы.

Төзып біткен дүние
Жолды бөгеп тұра алмас.
Келешекке тек біздер не,
Дұшпан торын құра алмас!

Қайырмасы.

Тындасын деп бар әлем,
Жар саламыз жастарға:
— Бейбіт өмір — бақыт туын,
Көтерелік аспанға!

Қайырмасы.

1
ЛЕНИН
Г. С. С. ДУБЛ. ЕҮБ. КЕ
1.12

ПИОНЕР БӨЛМЕСІ



Балалар, мына суретте пионер бөлмесінің схемасы көрсетілген. Өздеріңнің пионер бөлмелеріңді жасау және оны жабдықтау жөнінде осы схе-